

ЛЕНИН ТУҒЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 78 (9655) 1955 жылғы 20 апрель Сәрсенбі Шығуына 35 жыл.
жеке саны 20 тыйым.

Көктемгі егіс кезінде мәдени-ағарту жұмыстарын үлгілі ұйымдастырайық

Көп күткен көктем де келді. Көктемгі дала жұмыстарының басталуына санаулы ақ күндер қалды. Бұл күндері ауыл-село-дағы қайнаған еңбек бұрынғыдан да үдей түсуде. Ауыл шаруашылығы еңбекшілері көктем жұмыстарына соңғы әзірліктерін жүргізуде.

Көктемгі дала жұмыстары кезінде егістен мол өнім алу тағдыры шешіледі. Сондықтан оны қысқа мерзімде, жоғары агротехникалық сапада салып шығу сыяқты бүкілхалықтық міндетті ойдағыдай жүзеге асыру жүресіне ауыл шаруашылығы еңбекшілерімен бірге мәдени-ағарту мекемелерінің қызметкерлері де белсене атсалысуға тиіс. Олар мәдени-ағарту жұмыстарын істің тағдыры шешілетін жерлерге—дала қостары мен трактор бригадаларына, мал фермаларына көшіруі керек.

Көктем күндерінде егіншілер мен механизаторларды мәдениетті қамту, олардың демалыс уақыттарын мәдениетті, көңілді өткізуіне қолайлы жағдай туғызу—кинофильмдер көрсету, ауыл шаруашылығы озаттарының тәжірибелерін насихаттау және басқа алуан түрлі мәдени-ағарту жұмыстарын тыңғылықты жүргізу—мәдени-ағарту мекемелерінің бұл іске үлгілі әзірленуіне байланысты.

Кәзіргі міндет, өскен талап мәдени-ағарту мекемелерінің көктем кезінде жүргізілетін мәдени-ағарту жұмыстарына барлық жағынан тыңғылықты әзірленіп, көктемгі егісті қысқа мерзімде өткізуде егіншілер мен механизаторларға мәдениет ошақтарының зор көмек көрсетуін қажет етіп отырғанына қарамастан бірқатар мәдени-ағарту мекемелері бұл жұмыстарға қанағаттанғысыз әзірленуде. Совет, Мамлют аудандарының көптеген мәдени-ағарту мекемелері осы уақытқа дейін ауданның егіншілері мен механизаторлары арасында жүргізілетін мәдени-ағарту жұмыстарының жоспарын да жасаған жоқ. Ал, бұл аудандарда мәдени-үгіт бригадаларын ұйымдастыру, бригадаларды қамтитын жылығымалы кітапханаларды жабдықтау, дала қостары мен трактор бригадаларын ұрандармен, плакаттармен белгілеу жөнінде сөз де қозғауға болмай-

отыр. Өткен көктемде бұл аудандарда егіншілер мен механизаторларды киномен қамту ісі дұрыс ұйымдастырылмаған еді. Сол кемшіліктердің осы көктем кезінде де қайталану қаупі бар. Бұл жағдай облыстық киноландыру бөліміне, оның бастығы Портнов жолдасқа әбден мәлім. Өйтсе де, облыстық киноландыру бөлімі бұл олқылықтарды жоюға бағытталған шаралар белгілемей келеді.

Облысымызда өздерінің жауапкершілігін жете түсініп, көктем жұмыстары кезінде егіншілерді мәдениетті қамтуға үлгілі әзірленген мәдениет ошақтары да аз емес. Олардың қатарына Ленин ауданындағы Ильинка (меңгерушісі Якутин), Октябрь ауданындағы Городецкий (меңгерушісі Стадникова) селолық клубтарын және басқа мәдени-ағарту мекемелерін қосуға болады. Бұл мәдениет ошақтары көктемгі дала жұмыстары кезінде өздерінің жүргізетін жұмыс жоспарын күнілгері жасады. Жергілікті интеллигенциямен бірлесе отырып, лекторий, мәдени-үгіт бригадаларын ұйымдастырды. Озат тәжірибені кеңінен насихаттайтын фотомонтаждар, плакаттар әзірледі.

Облыстық мәдениет басқармасы және аудандық мәдениет бөлімдері осындай үлгілі мәдениет ошақтарының жұмыс тәжірибелерін басқа мәдени-ағарту мекемелеріне үлгі ретінде ұсынып, кең көлемде таратса, мұның өзі мәдениет ошақтарының жұмысын жақсартуда сөз жоқ, көп пайда келтірген болар еді. Бірақ облыстық мәдениет басқармасы мұны істеген жоқ. Облыстық мәдениет басқармасының аудандық мәдениет бөлімдерімен, мәдени-ағарту мекемелерімен байланысы нашар.

Тыңда ұйымдасқан совхоз жұмысшыларын көктем жұмыстары кезінде мәдениетті қамтуға күнбе-күн көңіл бөлу, олардың жұмыс істеуіне қолайлы жағдай жасау—партия, совет, комсомол және кәсіподақ ұйымдарының үнемі көңіл бөлетін мәселесі. Комсомол, кәсіподақ ұйымдары совхоздағы мәдени-ағарту мекемелерін көктем кезінде механизаторларды мәдениетті қамтуға осы бастапқы үлгілі әзірлеп, олардың еңбекшілердің өскен талабына сай жұмыс істеуіне

В. И. Лениннің туғанына 85 жыл толуы қарсаңында

МОСКВА ЕҢБЕКШІЛЕРІНІҢ САЛТАНАТТЫ ЖҪЙНАЛЫСЫ

Москва еңбекшілері барлық совет халқымен бірге 22 апрельде ұлы Лениннің туғанына 85 жыл толуы күнін кеңінен атап өтуде.

Москваның жұмысшылар клубтарында, Мәдениет сарайлары мен театрларында даңқты күнге арналған салтанатты жыйналыстар және көштер өткізілуде. 18 апрельде Москваның Киров атындағы «Динамо» зауытының жұмысшылары мен қызметшілерінің салтанатты жыйналысы болды. «Памяти революции 1905 года» вагон жөндеу зауытының клубында «Ленинизм идеяларының ұлы күші» деген тақырыпта кәсіпорны жастарының кеші өткізілді.

Орталық балалар театрында Москваның Свердловский ауданы еңбекшілерінің партия, совет және қоғам ұйымдары өкілдерінің салтанатты жыйналысы болып өтті. Онда В. И. Лениннің туғанына 85 жыл толуы туралы СОКП Орталық Комитеті жанындағы Маркс—Энгельс—Ленин—Сталин институтының директоры Г. Д. Обичкин баяндама жасады.

(СОТА).

В. И. Лениннің туғанына 85 жыл толуына

БӨКШЕТАУ, Саяси және ғылыми білімдер тарату жөніндегі Қоғамның облыстық бөлімшесі В. И. Лениннің туғанына 85 жыл толуына арнап лекциялар оқу үшін селозар мен аудан орталықтарында бір топ лекторлар жіберді. Лекторлар Чернова, Кәрімов, Черенко, Холин жолдастар және басқалары селозарда лекциялар оқуға жүріп кетті.

Саяси және ғылыми білімдер тарату жөніндегі Қоғамның мүшелері облыстық барлық колхоздарында, МТС-тері мен совхоздарында В. И. Ленинге арнаған лекциялар оқыды.

Кітапханалар, оқу үйлері, клубтар В. И. Лениннің өмірі мен қызметі туралы көрмелер және фотомонтаждар жабдықтауда.

БҮГІНГІ НОМЕРДЕ:

СОВЕТТІК ҚАЗАҚСТАНДА (1-бет).

В. Сибирский.—Отанымыздың көркейе беруі үшін (1-бет).

Т. Сидоркин.—Соғыс құмарлардың дегені болмайды. (1-бет).

Еңбекшілер депутаттары облыстық Советінің бірінші сессиясы (2-бет).

Е. Цимбал.—Жалпы жыйналыс — кәсіподақтар жұмысының маңызды саласы (2-бет).

В. Грязев.—Село лекторлары (2-бет).

ЖҮГЕРІ ЕГІСІНІҢ КӨЛЕМІН ҰЛҒАЙТЫП, ӨНІМІН АРТ-

ТЫРАЙЫҚ: Ә. Құрманғалин.—Жүгеріден мол өнім алу үшін күресеміз. Қ. Саматов.—Құнарлы жемішпен базасы жасалады. Жүгері өсірушілер не оқу керек (3-бет).

ЕГІНШІЛЕРГЕ КЕҢЕС: —И. Жуновская.—Овощтар мен тамыржасиеті өсімдіктерді егудің жолдары (3-бет).

ФИЗКУЛЬТУРА ЖӘНЕ СПОРТ: В. Фисенко.—Төменгі спорт коллективтерінің жұмысын жақсарту берейік. Д. Әбілов.—Жас шахматшының жеңісі (4-бет).

Я. Мазор.—Халықаралық шолу (4-бет).

Шетел хабарлары (4-бет).

ОТАНЫМЫЗДЫҢ КӨРКЕЙЕ БЕРУІ ҮШІН

Сталин атындағы колхоздың (Преснов ауданы) мүшелері егіс жұмыстарына жан-жақты әзірленуде. Ауылшаруашылық саймандарын жөндеу аяқталды. Жергілікті тыңайтқыштар әзірлеу жоспары толық орындалып, тұқымдық дән себуге әзір етілді.

Колхозда атом соғысының қатеріне қарсы Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің Үндеуіне қол қоюға арналған митинг болды.

—Сүйікті Отанымыздың онан әрі көркейе беруі үшін біз жанамай еңбектенудеміз,—деді колхоз председатели Михайлов жолдас.—Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің Үндеуіне қол қоюмен біз, сол қажырлы бейбіт еңбегіміздің жемісін қорғаймыз. Империалистер жанталаса сұранып атом соғысын тұтандыруға әзірленуде. Бірақ дүние жүзінің бейбітшілік сүйгіш адамдары соғысқұмарлардың бұл арам ниетін болдырмай тастай алады.

Барлық колхозшылар бір тілек, бір мақсатпен Үндеуге қол қойды. Олар қол қою үстінде көктемгі егіс жұмыстарын 8-10 жұмыс күні ішінде өткізуге, барлық дәнді дақылдарының гектарынан кемінде 100 пұттан өнім алуды қамтамасыз етуге, мал қыстатуды үлгілі аяқтауға көтеріңкі міндеттемелер алды. Кәзір сол міндеттемелерін орындау жолында ұйымшылдықпен еңбек етуде.

В. СИБИРСКИЙ.

Соғыс құмарлардың дегені болмайды

Ленин атындағы ауылшаруашылық техникумының студенттері мен мұғалімдер коллективі атом соғысына қарсы Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің Үндеуіне қызу қол қойды. Техникумда таяуда болып өткен жыйналыста Үндеуге қол қойдыру комиссиясының председатели В. Шевченко жолдас атом соғысының қауіптілігі жөнінде баяндама жасады.

Баяндамадан соң зоотехника бөлімінің үшінші курс студенті Сергей Бугаев атом соғысына жол бермеуімізді

Ұлы Лениннің өсиеттерімен

ЛЕНИНГРАД. 14 апрель. (СОТА). Киров зауытында үгітшілер мен баяндамашылардың жыйналысы болды, олар «В. И. Лениннің туғанына 85 жыл толуы» деген тақырыпта лекция тыңдады. Владимир Ильичпен талай рет кездескен қарт өндірісшілер Н. А. Ипатов, А. К. Байков, М. Г. Алексеев, В. В. Васильев, А. А. Фомин және басқалары еңбекшілердің ұлы көсемі туралы есте қалғандарын айтты.

В. И. Ленин өз қызметінің басталуы қарсаңында-ақ путиловшылардың революцияшыл үйірмелерімен байланыс жасаған болатын. Ол зауыттағы стачканың күресті байқап отырды және Нарва-заставасының пролетариатын ұйымдастырды. 1917 жылдың октябрінде барлық еңбекшілермен бірге путиловшылар Лениннің басшылығымен пролетарлық революцияның жеңуі жолындағы күреске қатысты.

1917 жылы Владимир Ильич бұрынғы Путилов зауытына екі рет келді. Осыны есте қалдыру ретінде прокат цехының үйінде мемориалдық тақта орнатылды. Путиловшылардың Ильичпен алғашқы жазпай кездесуі 1917 жылы 12 майда болды. Владимир Ильич митингте революциядағы пролетариаттың міндеттері туралы сөз сөйледі.

В. И. Ленин Путилов зауытында екінші рет 1917 жылғы ноябьдің 10-нан 11-не қаратан күні Петроградты Краснов, Керенскийдің ақгвардияшылар бандаларынан қорғау күндерінде келді. Қаланың байланыс жасауын қамтамасыз ету үшін бронепоезд өңіт зеңбіректері орнатылған бронды алаңдар қажет болды. Путиловшылар мұның бәрін жасауға уәде берді. Владимир Ильич майданға арналған заказды орындау жұмысы қалай жүргізіліп жатқанын тікелей өзі тексеруге тілек білдірді. Ленин зауытта жұмысшылар мен ұзақ әңгімелесті. Олардан майданға қанша адам кеткенін, олар контрреволюциямен қалай пайқасып жатқанын сұрастырды. Владимир Ильич кешке жұмысшылармен бірге отырып, сұрап-тісірілген қартон және нан жеді, олармен бірге пай ішті. Жігерленген интеллигент

Киров зауытының коллективі ерқашан социализм құрылысшыларының бірінші қатарында болды. Отанымыз оның сіңірген еңбектерін жоғары бағалады. Зауыттың туында екі Ленин ордені жарқырайды.

Кировшылар Лениннің өсиеттерін табандылықпен жүзеге асырып келеді. Олар Отанымыздың жауапты заказдарын орындап, өнеркәсіпке жетілдірілген машиналарды, металды, прокатты барған сайын көп беруде. Киров зауыты еліміздің техникалық лабораториясы делініп, әбден орынды саналады. Оның коллективі Россияда трактор жасаудың бастаушылары болды. Зауыттың қақпасынан 1924 жылы бірінші совет тракторы шықты.

Ұлы Отан соғысынан кейін кировшылар дүние жүзіндегі бірінші ағаш тасыйтын тракторды жасап, онымен ағаш дайындаушыларды қаруландырды. Ата тегінен бері трактор жасаушылар кәзір де көп мөлшерде бөлшектер жасап, оларды еліміздің арнаулы трактор заводтарына және МТС-теріне жіберіп келеді.

Осы аса ірі кәсіпорынның коллективі деревняға көмек көрсетуге өзінің таңдаулы адамдарын талай рет жіберді. Коллективтендіру дәуірінде завод коммунистері алғашқы ауылшаруашылық артельдерін басқарды. Коллектив СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумынан кейін колхоздарға 250 мамандарын жіберді. Мұнымен бірге, 57 инженер МТС-тердің директорлары және бас инженерлері болып істейді. Алтайдың тың жерлерін игеруге 300-ге жуық адам жүріп кетті. Кәзір алдыңғы қатарлы өндірісшілердің көбі колхоздарды кадрлармен нығайтуға тікелей қатысқылары келетінін мәлімдеуде.

В. И. Лениннің туғанына 85 жыл толуын мейрамдауға әзірлік күндерінде кировшылар 4 айдың өндірістік программасын 22 апрельге орындауға жаңадан социалистік міндеттемелер алды. Машина

ды.

Бұған ең алдымен Совет, Мамлют аудандарының мәдениет бөлімдері, олардың меңгерушілері Құрманғалиев, Мослаков жолдастар кінәлі. Құрманғалиев, Мослаков жолдастар ауданның мәдениет ошақтарының көктем кезінде жүргізілетін жұмыстарға тығыздықты әзірлеуін қамтамасыз ете алмады. Олар тек колхоздар мен совхоздардағы мәдени-ағарту мекемелерінің қызметкерлеріне үлкен сенім артып, барлық жұмысты нұсқау берумен, қатынас қағаздар жіберумен тындырды. Бұл нұсқаулардың орындалуы мәдениет бөлімдері тарапынан бақылауға алынбады. Істегі иесіздікке көріне-көзге жол берілді. Мұндай жұмыс стилінің ақыры ауданда мәдени-ағарту мекемелерінің жұмысты нашарлатып жіберуіне, көктемде ауыл шаруашылығы еңбекшілері арасында жүргізілетін мәдени-ағарту жұмыстарына қауағаттанғысыз әзірленуіне, жайбарақаттыққа әкеп соқты.

Мәдениет бөлімдері және мәдени-ағарту мекемелері көктемгі дала жұмыстары кезінде егіншілер мен механизаторларға жаңа кинофильмдерді, әсерсе, ауыл шаруашылығы жөніндегі кинофильмдерді көрсетіп отыруы қажет. Мұнымен бірге мәдениет бригадаларының, үгітшілердің қатысуымен сәулемі газеттер шығарып, онта азат төжирбені кеңінен насихаттап, істегі кемшілікті қатаң сынау— шаруашылық жұмыстарын тездетуге көп пайда келтіреді.

Алайда Соколов, Булаев, Октябрь аудандарының мәдениет бөлімдері, олардың меңгерушілері Прилинка, Гончар және Касаткина жолдастар ауыл шаруашылығы еңбекшілерін киномен қамтуға әзірлік жұмыстарын әлі де шыңдап қолға алмай

Ауыл-село мәдениет ошақтарына қаза мәдени ағарту мекемелері үлкен көмек көрсете алады. Олар көктем егісі кезінде трактор бригадалары мен дала қостарына өздерінің мәдени-үгіт бригадаларын, көркемөнерпаздарын жіберіп, ауыл шаруашылығы еңбекшілерін мәдениетті қамтумен бірге ауыл-село мәдениет ошақтарының жұмысын жақсартуға да көмектесуге тиіс.

Қаланың көп кәсіпорындары колхоздарды сондай-ақ МТС-терді өздерінің қамқорлығына алып, оларға едәуір көмек көрсетіп келеді. Бұл сүйсінерлік іс. Ал, енді сол кәсіпорындарының мәдени-ағарту мекемелері де, атап айтқанда клубтары мен кітапханалары және клубтардың жанында ұйымдастырылған көркемөнерпаздар үйірмелері де көктемгі егіс кезінде кәсіпорындарының қамқорлыққа алған колхоздары мен МТС-теріне тиісті көмек көрсетіп отырулары керек. Олар үгіт бригадаларын ұйымдастырып, ол бригадалардың колхоздарға, МТС-терге барып ойдағыдай жұмыс істеулеріне жетісуге тиіс.

Еңбекшілерді көктемгі дала жұмыстары кезінде мәдениетті қамту сыяқты маңызды істен партия, совет ұйымдары да тыс қалмай, олар мәдени-ағарту мекемелерінің жұмысына басшылық және үнемі бақылау жасап отыруы қажет. Мәдени-ағарту мекемелерінің қызметкерлері, көктемгі дала жұмыстары кезінде еңбекшілерді мәдениетті қамту арқылы көктемгі егісті қысқа мерзімде аяқтауға көмектесейік! Сөйтіп, партия мен үкмет алға қойған ұлы міндеттерді орындау күресіне ауыл шаруашылығы еңбекшілерін кеңінен жұмылдыру арқылы мұндай игі іске өз үлесімізді қосайық!

Колхоздағы жаңа құрылыс

«Көктерек» колхозының (Совет ауданы) шаруашылық салаларынан алатын табысы жыл сайын арта түсуде. Осының нәтижесінде колхозшылардың табысы мейілінше, мәдени-тұрмыс жайы жақсарып келеді.

Колхозға телефон линиясы тартылғалы едәуір жылдар өтті, ал соңғы екі үш жыл ішінде радиоландыру жұмысы ойдағыдай жүргізіліп келеді. Көзір көптеген колхозшылардың үйлерінде радио точкалары бар.

Жыл сайын колхоз орталығы жаңа құрылыстармен көркеюде. Өткен жылы шлак-бетоннан стандартты бұзау үйі салынды. Онда жүз бұзаулық орын бар. Сол сыяқты, жаңсы жабдықталған астық қойхасын, колхозшылар үшін төрт тұрғын үй салынды.

Колхоз егіншілік пен мал шаруашылығынан алынған табыстарына бір «ЗИС-150» жүк автомашинасын және бір «Москвич» жеңіл машина сатып алды.

Сөйтіп, көзір колхоздың жүк машиналары екеу болды.

Колхозшылар өздерінің ішкі мүмкіншіліктерін, үстіміздегі жылы егіншілік пен мал шаруашылығынан алынатын табыстарды толық есептей отырып, тағы да көптеген жаңа құрылыстар салуды жоспарлап отыр. Көзір құрылыс жұмыстары жүргізіліп жатыр. Шлак-бетоннан салынып жатқан сыйыр қорасының құрылысы аяқталып келеді. Алдағы жазда 200 орынды клуб үйі, дәрігерлік пункт, ауылдық магазин, үш машина сыятын автогараж салынады. Бұдықтан су тарту жұмысын механикаландыру үшін движок сатып алынды. Ол ферма маңындағы мал суарылатын құдыққа орнатылады.

Колхозшылар шаруашылық салаларын өркендетуде қажырлы еңбек ете отырып, колхоздың дәулеті мен мәдениетін бұрынғыдан да арттыра береді.

Ақындардың Ленин туралы жаңа өлеңдері

ҚАРАҒАНДЫ. Алшыс жастағы ақын Қашен Елеуов «Ленин жолымен» деген тақырыпта жаңа өлең шығарды. Бұл өлең партияға және оның даңышпан көсеміне деген терең сүйіспеншілікке толы сезіммен жазылған. Жаңа өлең бірінші рет Ворошилов ауданының Буденный атындағы колхозының үгіт пунктінде орындалды.


Шет ауданында тұратын 72 жастағы ақын Майасар Жапалақов Ленин туралы жаңа өлең шығарды.

лар бронепоезды жабдықтауды тез аяқтап, келесі күні таңертең оны қаланы қорғаған әскерлерге тапсырды.

«Красный путиловец» еңбекшілерінің делегациялары Смольныйдағы Владимир Ильичке талай рет барып, национализацияланған кәсіпорындар жұмысының мәселелері жөнінде онымен ақылдасты.

В. И. Лениннің бұйрығы бойынша Путилов заводы Россия республикасының меншігіне берілді. Бұл туралы декретке 1917 жылғы декабрьде И. В. Сталин қол қойды.

Шыңғыс Советтік Қазақстанда



Қарағанды облысындағы «Тракторист» астық совхозы киноустановка сатып алды. Көзір жаңадан қоныстанушылар өздерінің клубтарында жаңа фильмдерді үнемі көріп тұратын болды.

СУРЕТТЕ: киномеханик Д. Нұриханов кезекті сеансқа дайындалып тұр. (ҚазТАГ-тің фотохроникасы).

АЛҒАШҚЫ ӨНІМ

ҚЫЗЫЛОРДА. (ҚазТАГ). Сырдария ауданының «Комсомол» колхозының овощ өсірушілері өз теплицасында өсірілген овоштың алғашқы өнімін—көк піязды қалаға жеткізді.

Испиров жолдас басқаратын овощ өсірушілер бригадасы екінші теплица салуға кірісті. Колхоз быйыл 100 мың сомнан аса табыс алуды белгілеп отыр.

Сталин атындағы колхоздың 500 жаңа құрылысы

ӨСКЕМЕН. (ҚазТАГ). Предгорный ауданының Сталин атындағы колхозы 1955—1960 жылдарда 500 жаңа құрылыс, оның ішінде механикаландырылған 9 мал базасын, теплица комбинатын, жабық қырманда, малшыларға арналған үйлер және басқа бірқатар объектілер салуды белгіледі. Үстіміздегі жылдың өзінде-ақ құрылысқа екі миллион сомға жуық қаржы бөлінді.

Осы программа жүзеге асырыла бастады. Жүз адамнан құрылысшылар бригадасы құрылды, оған техник Родионов жолдас басшылық етеді. Бригада типтік шошқа қора салуға кірісті, мемлекеттік электр қуат жүйесінен колхозға дейін

электр сым жолын тартуда. Үйлердің көпшілігінің қабырғаларын және іргетастарын қалауға тас қолдану ұйғарылды. Көзір тас дайындала бастады. Колхозды қамқорлыққа алған Ертіс мыс қорыту заводының коллективі бригаданың құрылыс жұмыстарын механикаландыруына көмектесуде.

Шығыс Қазақстанның көптеген колхоздары 1955-1960 жылдарда көлемді құрылыстар салуды жоспарлады. Құрылыс жұмыстарының өзіндік құнын арзандату үшін жергілікті құрылыс материал—тас, қамыс, Алтайдың ағашы кеңінен пайдаланылатын болады.

Төрт айлық жоспар мерзімінен бұрын орындалды

ШОЛАҚТАУ. (Жамбыл облысы). (ҚазТАГ). Қаратау кен-химия комбинатының поселкесінде жаңа магистраль—Ленин атындағы көше орнады. Кеше мұнда жаңа салынған екіқабатты тұрғын үйдің құрылысы аяқталып, оның өрек ағаштары алынды. Михаил Комов басқарған комплекстік бригада оны жылдамдатылған әдіспен, мерзімінен 13 күн бұрын салып бітірді. Үйдің қабырғалары ірі шлакоблоктардан қаланды.

Тың жерлердегі совхоздардың жаңадан қоныстанушыларына көмектесу

ЛЕНИНОГОР. (ҚазТАГ). Шығыс Қазақстанның Таврия ауданындағы Ертіс өзенінің саласы Жартастың жағалауында Калинин атындағы жаңа астық совхозы ұйымдастырылып жатыр. Еліміздің әртүрлі облыстарынан бұл жерге жаңадан қоныстанушылар келуде, ауылшаруашылық техникасы жеткізілуде. Ленино-


гордың құрылысшылары шаруашылыққа зор көмек көрсетіп отыр. «Лениногорскстрой» тресі Калинин атындағы астық совхозында Юрченко жолдас басқарған балташылардың таңдаулы бригадасын жіберді. Бригаданың қарамағына жылжымалы электр станция, компрессор, бульдозер, автомашина, құралдар белінді.

ның өндірілеуін талап ете келіп:

—Бейбітшілікті баянды ету біздердің өз қолымызда. Ол үшін оқуда үздік болып, жұмыста қажырлылықпен еңбек етуіміз керек. Отанымыздың қуаттылығын адал ісімізбен нығайта түсуге тиіспіз,— деді.

Жыйналғандар атом соғысына қарсы екендіктерін, бейбітшіліктің ұзақ жылдар бойына сақталуын тілейтіндерін білдірді. Үндеуге қол қойғандардың барлығы да жаңа соғысты, әсіресе атом соғысын болдырмаймыз деп екінші ескерту жасады.

Т. СИДОРКИН,
Ленин ауданы.



ССРО Совхоздар министрлігінің Урал механикалық заводының коллективі автобензоцистерна шығаруды игерді. Алғашқы 50 бензоцистерна Қазақстанның жаңа совхоздарына жіберілді.

СУРЕТТЕ: заводтан жөнелтілетін автобензоцистерналар тиелген тәмір жол эшелоны.

(ҚазТАГ-тің фотохроникасы).

ПОЛЬША КИНОФИЛЬМДЕРІНІҢ ФЕСТИВАЛІ

ЖАМБЫЛ. (ҚазТАГ). Достық және ара көмек туралы Совет-Польша договорының он жылдығы құрметіне қаланың кинотеатрларында кеше Польша фильмдерінің фестивалі басталды. Экрандарда көп жаңа картиналар бар.

Еңбекшілер депутаттары облыстық Советінің бірінші сессиясы

15—16 апрельде еңбекшілер депутаттарының Солтүстік Қазақстан облыстық Советінің (бесінші шақырылған) бірінші сессиясы болды.

Сессияны көптеңгі депутат **Поляков** жолдас ашты.

Сессияның председателдігіне депутат **А. М. Малявин**, секретарлығына депутат **Г. Есполова** сайланды.

Сессия мынадай күн тәртібін бекітті: 1. Мандат комиссиясын сайлау; 2. еңбекшілер депутаттары облыстық Советінің тұрақты комиссияларын құру; 3. Солтүстік Қазақстан облысының 1955 жылға арналған жергілікті бюджетін бекіту және облыстың 1954 жылға арналған бюджетінің орындалуы туралы; 4. еңбекшілер депутаттары облыстық Советі атқару комитетін сайлау; 5. еңбекшілер депутаттары облыстық Советі атқару комитетінің бөлім меңгерушілерін бекіту; 6. облыстық соттың халық заседательдерін қосымша сайлау; 7. Свердлов округтік транспорт сотының халық заседательдерін сайлау.

Облыстық Совет мандат комиссиясын, оның председателі етіп депутат **П. Я. Филиппенко** сайлады.

Үзілістен кейін сессия мандат комиссиясының председателі депутат **Филиппенко**ның баяндамасын тыңдады.

Сессия мандат комиссиясының баяндамасын бірауыздан бекітті.

Сессия облыстық Советтің тұрақты комиссияларының құрамын сайлады. Бюджет-финанс комиссиясының председателі болып депутат **А. А. Макаров**, ауыл шаруашылығы комиссиясының председателі болып депутат **М. В. Камалетдинов**, денсаулық сақтау комиссиясының председателі болып депутат **Л. В. Петухов**, оқу және мәдени-ағарту жұмыстары комиссиясының председателі болып депутат **И. С. Белетченко**, сауда жөніндегі комиссияның председателі болып депутат **А. А. Соколов**, коммуналдық шаруашылық және қаланы және ауыл-селоны көркейту комиссиясының председателі болып депутат **Е. В. Цимбал**, өнеркәсіп, транспорт, байланыс және жол құрылысы комиссиясының председателі болып депутат **Х. И. Болатов** сайланды.

Сессия облыстың 1955 жылға арналған жергілікті бюджеті және 1954 жылға арналған жергілікті бюджеттің орындалуы туралы облыстық финансы бөлімі меңгерушісінің орындауы **Б. Тілегенов** жолдасын баяндамасын тыңдады.

—Облыстың 1955 жылға арналған жергілікті бюджетінде,—деді баяндамашы,—Коммунистік партия мен Совет Ұлметі экономиканы, мәдениетті бұдан былай да өркендете беру және еңбекшілердің материалдық әл-ауқатын арттыра беру жөнінде алға қойған міндеттер сый-

голев жолдастар қаржыны дұрыс жұмсау жөнінде қажетті күрес жүргізбейді.

Коммуналдық шаруашылық кәсіпорындары еңбекшілерге қызмет етуді және ішкі шаруашылық қаржы табысын жыйнауды дұрыс ұйымдастыра алмай отыр. Қала халқы сумен және электр қуатымен бірқалыпта жабықталмайды, қаланың тұрғын үй қоры нашар жағдайда. Қалада тұрғын үй қорларын күрделі жөндеу жоспары 1954 жылы небары 47,4 процент ғана орындалды.

Бұдан кейін баяндамашы 1955 жылға арналған бюджеттің шығыс бөлігі өнеркәсіпті онан сайын өркендетуге, облыстың ауыл шаруашылығын шұғыл дамытуға және әлеуметтік-мәдени шараларды қаржыландыруға жұмсалатындығын айтты. Сол сияқты, баяндамашы финансы органдарының жұмысында әлі де елеулі кемшіліктер бар екендігін атап көрсетті. Бұдан кейін баяндамашы облыстың 1955 жылға арналған бюджетін орындау жөніндегі міндеттерге тоқталды.

Сессия баяндаманы талқылауға көшті. Облыстық оқу бөлімінің меңгерушісі депутат **Щербанов** жолдасқа сөз берді. Ол мектеп үйлерінің жетіспеуін, бұл қиыншылықтарды жеңуде селолық, ауылдық және аудандық Советтер басты роль атқаруға тиіс екендігін айтты. Жергілікті Советтердің инициативасымен, деді ол, мектептерге зор көмек көрсетілгендігі жөнінде көп мысалдар бар. Мәселен, Интернационал МТС-нің коллективі Мамлют ауданындағы Воскресенск мектебінің мастерскойын жабықтауға көмектесті.

—Ленин ауданының еңбекшілері,—деді депутат **Қабдунасов** жолдас,—бүкіл совет халқы сияқты астық өндіруді және мал шаруашылығының өнімдерін өндіруді шұғыл арттыру программасын белгілеген СОКП Орталық Комитеті январь Пленумының қаулысын зор қанағаттанғандықпен қарсы алды. Ауданның колхоздары мен совхоздары тың және тынайған жерлерді игеру жоспарын асыра орындады. Осының нәтижесінде аудан колхоздарында егіс көлемі 1953 жылғыдан 69 мың гектар артық болғаны отыр. Осыған байланысты біз 10 миллион пұттай астық жыйнамақпыз. 1954 жылы ауданда қоғамдық мал басы едәуір көбейді.

Аудан колхоздары мен совхоздары СОКП Орталық Комитеті январь Пленумының қаулысын орындай отырып, жүгері егісінің көлемін колхоздарда 4480 гектар және совхоздарда 1809 гектар кеңейтуді ұйғарып отыр, бұл қоғамдық малдың концентрат азықтармен және құнарлы азықпен қамтамасыз етілуін шұғыл арттыруға көмектеседі.

Қабдунасов жолдас 5 мың халқы және көптеген мекемелері мен ұйымдары бар

деді ол,—ең артта қалып келе жатқаны Шостақ жолдас басқаратын ұйым. Бұл ұйым ондаған объектілерді екі-үш жыл бойы салып келеді. Бірақ олардың бірде-бірін пайдалануға берген жоқ. Сондай-ақ, Алифер жолдас басқаратын Петропавл «стройтрест» мекемесі де жұмысты нашар істеп келеді. Бұл трест күні осы уақытқа дейін жаңа қонақүйдің құрылысын аяқтамай отыр.

Бұдан кейін Вотяков жолдас жаңа водопровод құрылысын күшейте түсудің қажеттігі туралы айтып, Есіл өзені арқылы жаңа көпір салу және қалада жаңа мотша құрылысын бастау қажеттігі туралы мәселе қойды.

Сөз Полушень аудандық атқару комитетінің председателі **Засыпкин** жолдасқа берді. Ол сайлаушылардың көптеген аманаттарының жылдан-жылға орындалмай қалып келе жатқандығы туралы айтты. Бұл мәселенің аудан орталығын электрлендіруге, балалар мекемесі, аурухана құрылысына, емханаларды жөндеуден өткізу ісіне қатысы бар.

—Айта кету керек,—деп көрсетті Засыпкин жолдас,—сайлау кезінде біздің ауданда Оспанов жолдасын өзі дауысқа түсті. Ол емханада болып, онда кезек күттірмейтін шараларды жүзеге асыру қажет екендігін көрді. Сондықтан Оспанов жолдас бұл міндеттердің бәрін болмағанмен біраз бөлігін шешу үшін қаражат бөлудің қажеттігін жақтады, дей сенуге болады.

Шешен Оспанов және Калинин жолдастарды аудандық және селолық Советтердің сессияларына сирек қатысатындықтары үшін сынады.

Мінбеде Соколов аудандық Совет атқарушы органдарының председателі **Звягин** жолдас. Ол мәдени-құрылыс мәселелеріне тоқталды.

—Соколовқа селосында клуб жоқ,—деді ол.—Бірақ аудан орталығының еңбекшілері инициативаны өз қолдарына алып, клуб құрылысына ақысыз қатысуға ұйғарды. Бұл жұмыс кезір қызу жүргізіліп жатыр. Алайда бізге көптеген материалдар және кейбір маман жұмысшылар жетіспейді. Осылай бола тұрса да бізге ақша бөлінбей отыр. Ауданға облыстық мәдениет басқармасының меңгерушісі Прищип жолдас келіп кеткен еді. Ол көмек көрсетуге уәде берді. Алайда оның сөздері сол құрғақ уәдеден әрі аспайды.

Депутат **Гусев** жолдас былғары заводы мен «Кожхимик» артелі поселкесінің тұрғын халқының мүдделері туралы, қала мен завод поселкесі арасында автобус жүргізу қажеттігі туралы мәселеге тоқталды.

Тимирязев совхозының директоры депутат **Зарицкий** жолдас өткен жылы

ның болмауы салдарынан овоштың бірде-бір тоннасы кезінде қабылданбады. Қала еңбекшілері кезір магазиндерден тұздалған қапустаңың бірде-бір килограмн сатып алуға мүмкіндік болмай отыр.

Шешен сонымен бірге облыстық байланыс басқармасының және оның басшылары Александровский, Тахман жолдастардың жұмысын қатты сынады.

Буйбышев атындағы колхоздың председателі депутат **Волков** жолдас мынаны айтты: қысқа мерзімнің ішінде колхоздың табысы 230 мың сомнан 1 миллион 148 мың сомға дейін өсті. Колхоз астық және мал шаруашылығы өнімдерін тапсыру жөнінде мемлекетпен түгелдей есен айырысты. Дегенмен колхоз шаруашылығын бұдан да тез қарқынмен өркендетуге болады. Волков жолдас колхоз өндірісінің ішкі мүмкіншіліктері мен резервтері туралы нақтылы фактілер келтірді. Онан әрі ол жемшөп проблемасын шешудегі қиыншылықтар туралы айтты. Колхоздың қараманында небары үш гектар жайылымдық жер бар. Волков жолдас облыстық атқару комитетінен колхоз малын бағу үшін тың жерлері көп көрші шаруашылықтардан қосымша участок бөлу туралы мәселені шешуді сұрады.

Облыстық Совет атқарушы органдарының председателі депутат **Оспанов** жолдас өзінің сөзінде табиғат жағдайлары бірдей екі ауданды —Булаев және Конохов аудандарын салыстырды. Алайда Булаев ауданының көрсеткіштері Конохов ауданының көрсеткіштерінен едәуір төмен. Конохов ауданында орта есеппен алғанда әрбір гектардан 9,1 центнер өнім, Булаев ауданында —7,6 центнер өнім алынды. Конохов ауданы картоптың әрбір гектарынан 70 центнер, ал Булаев ауданы 49 центнер алды. Конохов ауданында 63 центнер сүрлем дайындалса, Булаев ауданында сүрлем 39 центнер-ақ болды. Булаев ауданының сүт сауу және жүн қырку жөніндегі көрсеткіштері ғана Конохов ауданына қарағанда сәл жоғары. Конохов ауданы колхоздарының ақпалай табысы 13 миллион 887 мың сом болса, Булаев ауданында бар болғаны 7 миллион 700 мың сом ғана болды. Конохов ауданында еңбеккүнге 2,1 килограмнан астық, ал Булаев ауданында 1,6 килограмнан астық берілді. Булаев ауданында еңбеккүнге ақша бөлуде Конохов ауданындағы көрсеткіштен едәуір төмен. 100 гектар шабындыққа шаққанда өнім өндіру Конохов ауданында Булаев ауданымен салыстырғанда көп жоғары.

Бұл цифрлар бұл екі аудан басшыларының ішкі мүмкіншіліктерді пайдалануды қалай ұйымдастыратындығын көрсетеді. Онан әрі Оспанов жолдас кейбір МТС-терде еңбек өнімділігінің төмен екендігін өнімнің өзіне қатысты

Жалпы жыйналыс—кәсіподақтар жұмысының маңызды саласы

Бастауыш кәсіподақ ұйымдарының жоғары органы кәсіподақ мүшелерінің жалпы жыйналысы болып табылады. Сондықтан да ұйым жұмысын нығайтуда, кәсіподақ мүшелеріне коммунистік тәрбие беруде, еңбекшілер арасында социалистік жарысты өрістетуде кәсіподақ мүшелері жыйналысының мезгілінде, сын және өзара сын кең өрістетілген жағдайда өткізілуінің, онда кезек күттірмейтін өзекті мәселелердің үзбей қаралып отыруының зор маңызы бар.

Кәсіподақ ұйымының жыйналыстарында жұмысшылар мен қызметкерлер еңбек өнімділігін онан әрі арттырудың жолдарын коллективтік түрде талқылайды, тапсырмалардың артығымен орындалуына жағдай тудыратын қосымша мүмкіншіліктерді қарастырады, өндірістер мен мекемелердің жұмыстарындағы кемшіліктердің бетін ашады.

Өткен жылы Интернационал совхозында тың жер игеру жоспарын асыра орындау мақсатымен трактор бригадалары арасында социалистік жарыс шарттары жасалды. Совхоз кәсіподақ ұйымы партия, комсомол ұйымдарымен бірлесе отырып, жарыстың барысына алғашқы күннен бастап-ақ тыңғылықты басшылық жасады. Социалистік жарыс шартының орындалуы барысы кәсіподақ ұйымының жыйналысында жиі талқыланып, орын алған кемшіліктер дереу сынға алынды. Еңбек өнімділігін арттырудың жолдары қарастырылып, озат механизаторлардың жұмыс әдісі басқаларға үлгі ретінде егілініп отырылды. Сонымен қатар жыйналыстарда озаттардың жұмысымен бірге артта қалып келе жатқан бригада, жеке механизаторлар жөнінде де мәселе қаралды. Жұмыстың осылай ұйымдастырылуы жақсы нәтиже берді. Совхоз тың көтеру жоспарын асыра орындап шықты. Ал Шатов жолдасын комсомол-жастар трактор бригадасы Бүкілодақтық жарыста үшінші орынға ие болды.

Чистов астық совхозының жұмысшылар комитеті (председателі Молдахметов жолдас) кәсіподақ жыйналыстарын өткізуге баса назар аударып отырады. Кәсіподақ жыйналыстарында күнбе-күнгі маңызды мәселелер: СОКП Орталық Комитеті Пленумдарының қарарлары, осыған байланысты совхоз коллективінің алдында тұрған міндеттер талқыланып, оны жүзеге асырудың жолдары белгіленді, фермалар мен бригадалар өзара социалистік жарысқа ұштасты. Социалистік жарыстың нәтижелері мезгілінде жыйналыстарда талқыланып, қорытындылары шығарылып отырылды. Совхоз 1 миллион 933 мың сом кіріс тауып, өткен

Кәсіподақ жыйналыстарында өндіріс мәселелерін және басқа да өзекті мәселелерді талқылау жұмысшылар мен қызметкерлердің белсенділіктері мен инициативасын арттырады. Кәсіподақ ұйымдары қатардағы адамдардың үнемі құлақ асып, олардың сын ескертпелерімен, ұсыныстарымен үнемі есептесіп отыруға тиіс. Облыстық автомобиль басқармасының озат шоферлері кезір жана совхоздардың тұқыммен қамтамасыз етудегі міндеттерін толық түсіне отырып, еңбек өнімділігін арттыру жөнінде көтеріңкі міндеттемелер қабылдады. Көптеген шоферлер өз тапсырмаларын ұдайы асыра орындайды. Шофер Кулинов жолдас Октябрь ауданының жаңа совхоздарына март айында 41 тонна, Аницкий 32 тонна, Ежевский 33 тонна тұқым жеткізді. Орлов, Мокрогузов сияқты шоферлер де қажырлықпен еңбек етіп жүр. Олардың барлығы да өз жұмыстарына еңбектің озат әдістерін кеңінен қолданып келеді. Бұл әдістерді басқа шоферлердің де пайдалануына болатындығы жөнінде ұсыныстар енгізілді. Бірақ, автомобиль транспорты және тас жолдар қызметкерлері кәсіподағының топтық комитеті (председателі Беспятов жолдас) бұған құлақ аспады. Комитет шоферлар арасындағы саяси-бұқаралық жұмыстарды жеткіліксіз жүргізуде, социалистік жарыстың қорытындысы шығарылмайды. Облыстық автомобиль басқармасында өткен жылы кәсіподақ жыйналысы небары бір рет ғана өткізілді. Оның өзінде коллектив өмірінен тыс мәселе талқыланып, нақтылы жұмысқа байланысты бірауыз да сөз қозғалмады. Кәсіподақ комитеті еңбекшілерден түскен шағым арыздарды жыл бойы тексермеген, жыйналыста еңбек тәртібін бұзу сияқты кемшіліктер атымен қаралмаған.

Облыстық автомобиль басқармасының № 2 базасында еңбек қорғау және қауіпсіздік техникасына босатылған қаржы орынды жұмсалмайды. Коллективтік шарттың орындалуы тіпті жыл бойы тексерілмеген. Жергілікті комитеттің председателі Валишина жолдас бұл кемшіліктерді біле тұра оны жыйналыс талқысына салуды ұйымдастырмай отыр. Бұл жағдай жұмыста үлкен кемшіліктердің орын алуына, техниканың тиімді пайдаланылмауына, еңбек тәртібінің бұзылуына жол берілуіне әкеліп соқты. Өзара сынды, әсіресе төменнен көтерілген сынды өрістетуге бөгет жасап отыр.

Сын және өзара сынның өрістетілуіне көңіл бөлмей отырған кәсіподақ ұйымдарының бірі—Приеміш МТС-нің жұмысшылар комитеті. Жұмысшылар комитетінің председателі Грачев жолдас кәсіп-

патталған.

Партия мен үкмет ауыр индустрияны бұдан былай да өркендете беру және ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету, тың және тыңайған жерлерді игеру жөнінде жасап берген программаны жүзеге асыру нәтижесінде 1954 жылы облысымыздың экономикасында зор өзгерістер болды. Облыста 19 жаңа совхоз ұйымдастырылды. Облысымыздың колхоздары мен совхоздары 1950 жылы сепкен 700 мың гектар орнына, үстіміздегі жылы 1 миллион 800 мың гектардан аса егін етеді, бұл 1950 жылдан үш еседей артық. Жаңа совхоздар ұйымдастырылуына және жаңадан қоныстанушылардың келуіне байланысты облысымыздың колхоздарында әлеуметтік-мәдени мекемелердің саны едәуір көбейді.

Баяндамашы облыстың 1954 жылға арналған бюджетінің орындалу қорытындысын баяндай келіп, облыстың 1954 жылға арналған жергілікті бюджеті кіріс жағынан 143450 мың сом болып, 15 миллион 236 мың артығымен орындалғандығын және шығыс жағынан 124776 мың сом яғни 97,8 процент болып орындалғандығын баяндады.

Алайда кейбір мекемелер мен шаруашылық орындар өздерінің бюджет жөніндегі міндеттемелерін кезінде және толық орындамаған. Мәселен, Ленин, Преснов, Октябрь және Мамлют аудандарында салық қаржылары кезінде жыйналмаған, заем қаржысы жөнінде де көп қаржы төленбей қалған.

—Облыстың 1955 жылға арналған бюджеті,—деді Тілегенов жолдас,—кіріс жағынан 144930 мың 400 сом және шығысы жағынан 134348 мың сом, шығысынан кірісі 7587,4 мың сом артық болып белгіленді.

Бюджет кірісінің едәуір бөлегі айналымнан түсетін салық есебінен толықтырылады. Баяндамашы шаруашылық және сауда мекемелерінің кейбір кәсіпорындарының өткен жылы айналымынан түсетін салықтың едәуір сомасын толық бере алмағандығын, ондай кәсіпорындарының қатарына сыра заводы, ет комбинаты, май өндіру тресі, бас бакалея жататындығын атап көрсетті.

Облыстық жергілікті өнеркәсіптің және облыстық кәсіпшілік Советінің басшылары (Соколов және Трушкин жолдастар) жалпы өнім шығару жөніндегі жоспардың орындалу нәтижелеріне маз болып, жұмыстағы сапа көрсеткіштеріне жете назар аудармайды. Облыстық кәсіпшілік Советі өндірілуге тиіс ең негізгі 20 түрлі бұйымнан 9 түрлі бұйым ғана өндірді. Оның аудандық өндіріс комбинаттары өндірілуге тиіс ең негізгі 12 түрлі бұйымнан небары 4 түрлі бұйым өндірді.

Облыстық тұтынушылар одағы халық қажет етіп отырған товарларды жеткізу жөнінде тиісті шаралар қолданады. Осының салдарынан онда мәшһерден тыс 53,3 миллион сомның запас товары жыйналған. Облыстық тұтынушылар одағының басшылары Писеуков және Ше-

вцов орталығы яваснада әлі күнге дейін мәдениет үйі және электр станциясы жоқ екендігін айтты. Жоспарланған қаржының болмауы салдарынан екі жылдан бері салынып жатқан монша құрылысы әлі аяқталмаған. Қабдунасов жолдас облыстық Советтің сессиясынан мәдениет үйін салуға, электр станциясын жабдықтауға және монша құрылысын аяқтауға, сол сияқты, қонақ үй салуға қаржы бөлуді өтінді. Ауданға көптеген жаңа қоныстанушылар келуіне байланысты, деді Қабдунасов жолдас, балалар бақшаларының санын көбейту қажет болады. Ол Корнеевка селосында жетіжылдық мектеп пен аурухана үйін салуға қаржы бөлуді өтінді.

Қабдунасов жолдас өнеркәсіпті дамытуға сауда және байланыс жұмыстарына нашар басшылық жасайтындығы үшін облыстық Совет атқару комитетін және жұмысқа қабілетсіздігі үшін облыстық Советі атқару комитеті председателінің орынбасары Синчило жолдасты қатты сынады.

Депутат Қизатов жолдас Булаев ауданының ауыл шаруашылығын өркендетудегі кейбір табыстар туралы айтты. Тың жерлерді игеруге байланысты аудан халқының өсіп келе жатқандығын айта келіп, Қизатов жолдас жергілікті халықты мәдени-тұрмыс жағынан қамту мәселесіне тоқталды.

—Аудан орталығында аурухана бар,—деді ол,—бірақ ол небары елу-ақ адамға шақталып салынған. Ауруханада хирургиялық бөлімше жоқ. Аудан орталығындағы Булаев орта мектебі оқу жанындағы балаларды түгел қамтып алмайды. Себебі мектептің класс бөлмелері аз және тар. Аудан орталығында электр жарығы да жоқ. Жергілікті халықтың сүмен қамтамасыз етілуі де нашар.

Қизатов жолдас бұл мәселелердің облыстық атқару комитетінің алдына бірнеше рет қойылғандығын, бірақ кезінде олардың шешілмей қалып келгендігін атап көрсетіп, аудандағы мәдени-тұрмыс құрылысына қосымша қаржылар бөлуді сұрады.

Октябрь аудандық ауруханасының бас дәрігері депутат Никольская жолдас ауданның барлық жаңа совхоздарында он орындық аурухана бар екенін, бірақ бұл совхоздардың аудан орталығынан 80-100 километр қашықтықта болғандығынан жедел хирургиялық көмекке мұқтаж аурулар аудан орталығындағы ауруханаға келуіне мәжбүр болып жүргендігі туралы айтты. Сондықтан, деді ол, 1955 жылға арналған бюджетте 25 адамға арналған совхозаралық аурухана ұйымдастыруға қаражат бөлу қажет.

Қалалық Совет аткомінің председателі депутат Вотяков жолдас өзінің сөзін жергілікті ресуретар есебінен қаланы жабдықтауды жақсарту мәселелеріне арнады. Сонымен бірге ол қаладағы құрылыс ұйымдарының жұмысын қатты сынай алды.

—Құрылыс ұйымдарының ішінде,—

хоз коллективінің жұмысы туралы баяндады. —Облыстық Совет аткомі,—деп көрсетті ол,—өткен жылы жаңа совхоздарға жеткілікті дәрежеде назар аудармады. Турасын айту керек, жағдай быйыл да өзгерген жоқ. Октябрь ауданының жаңа совхоздарына тұқым жеткіліксіз мөлшерде бөлінді. Сондай-ақ жаңа совхоздардағы құрылыс мәселесіне де айтарлықтай көңіл бөлінбей келеді. Құрылыс материалдары мен стандартты үйлерді бөлу кезінде қателіктер болды. Ал мұның өзін облыстық Совет аткомі елемеді де. Құрылыс жөніндегі біздің заңауымызды «горсельстрой» мекемесі орындауға тиіс болатын. Бірақ айта кету керек, бұл мекеме ештеңе де істемей отыр. Бұл туралы облыстық атқару комитеті, Оспанов жолдастың өзі жақсы біледі, алайда, не пайда, ешбір шара қолдачылмай келеді. Жаңа совхоздар күні осы уақытқа дейін техникамен толық қамтамасыз етілмей отыр. Облыстық атқару комитетінің қарары бойынша жаңа совхоздың мұқтаждары үшін бірнеше рет кірпіш те бөлінді. Бірақ соны әлі де алмай отырмыз.

Конюхов аудандық атқару комитетінің председателі депутат Филиппенко жолдас партия мен үкметтің тарихи қарарларын орындау негізінде ауыл шаруашылығының өркендей бастағанына кейбір фактілер мен цифрлар келтірді. Мәселен, 1954 жылдың ішінде колхоздардың табысы 13 миллион 887 мың сомға жетіп, едәуір артты. Өрбір сауын сыйырдан алынатын сүттің өсімі бір жылдың ішінде 284 литрге артты. Алайда 100 гектар жайылымдық, шабындық жерге шаққанда ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру әлі де төмен. Көзіргі кезде ауданда шаруашылықтың өнімділігін онан әрі арттыра беру жолындағы күрес өрістетілді. Мәселен, быйылғы жылдың өзінде аудан колхоздарында шошқа етін өндіру өткен жылмен салыстырғанда 4,5 есе артуға тиіс. Мемлекетке орта есеппен әрқайсысы біржарым центнерлік 400 шошқа тапсыру көзделіп отыр. Январь Пленумының қарарларын орындау жөніндегі шараларды белгілей отырып,—деді Филиппенко жолдас,—активпен, озат қолшылармен ақылдаса келіп, біз мынандай қорытындыға келдік: 1960 жылы емес, 1958 жылдың өзінде 1954 жылмен салыстырғанда біз астық өндіруді екі есе, сүт өндіруді және оны мемлекетке тапсыруды төрт есе ұлғайта аламыз. Біз жүгері егісін ұлғайтуды, типті мал қораларын салуды кеңінен жоспарладық.

Филиппенко жолдас облыстық атқару комитеті председателінің орынбасары Синчило жолдасты оның селого көмек көрсетуге араласпайтындығы үшін өткір сынай алды.

Депутат Коробов жолдас өзінің сөзінде қалалық Советтің және оның председателі Вотяков жолдастың қаланы овеңштармен қамтамасыз ету мәселелеріне салғырт қарап келе жатқанына фактілер келтірді. Өткен жылы қойма орындары-

екенін көрсететін мәліметтер келтірді. Образцовая, тағы басқа кейбір МТС-тің көрсеткіштері төмен. Облыстың бірқатар совхоздары әлі де болса мемлекетке көп борышты болып отыр. —Осылай болғандықтан да,—деді Оспанов жолдас,—турасын айту керек, депутаттар облыстық Совет аткомінің ауыл шаруашылығына басшылығы жөніндегі жұмысын дұрыс сынады. Сонымен бірге Оспанов жолдас облыстық атқару комитеті бөлімдерінің жұмысына жеткілікті дәрежеде талап қоймағандығы үшін өзіне айтылған сынды да мойындады.

Баяндама бойынша жарыссөздерде Писеуков, Вигожин, Тахман, Сербулов, Соколов, Қалыров жолдастар сөйледі.

Сессия облыстың 1955 жылға арналған бюджетін бекітті.

Сессия еңбекшілер депутаттары облыстық Советінің атқару комитетін сайлауға кірісті. Партия тобы мен старейшиналар Советінің тапсыруы бойынша, депутат А. Я. Попадью еңбекшілер депутаттары облыстық Совет аткомінің құрамы туралы ұсыныс енгізді. Облыстық Совет атқару комитетін, атқару комитетінің председателін, оның үш орынбасарын, атком секретары мен аткомнің сегіз мүшесін сайлады. Облыстық Совет аткомінің председателі болып депутат Қ. Р. Оспанов, председателдің орынбасарлары болып депутаттар А. А. Калинин, Н. Ф. Поляков, Н. В. Дроздецкая, облыстық Совет аткомінің секретары болып депутат И. Т. Заитов, облыстық Совет аткомінің мүшелері болып депутаттар З. А. Ағыбаев, М. В. Вотяков, В. И. Коробов, Г. Э. Лосев, Ф. Н. Петров, А. Я. Попадью, Д. А. Шкарупа, А. В. Щербаков сайланды.

Бұдан кейін сессия облыстық Совет аткомі бөлімдерінің меңгерушілерін бекітті.

Ауылшаруашылық басқармасының бастығы болып В. И. Коробов бекітілді. Бөлім меңгерушілері болып мыналар бекітілді:

Денсаулық сақтау бөлімі—Новосельцев В. Н.

Коммуналдық шаруашылық бөлімі—Демченко М. Н.

Жергілікті және отын өнеркәсібі бөлімі—Соколов А. А.

Оқу бөлімі—Щербаков А. В.

Әлеуметтік қамсыздандыру бөлімі—Зернов Ю. Г.

Сауда бөлімі—Сербулов В. Ф.

Финанс бөлімі—Патров Ф. И.

Су шаруашылығы бөлімі — Вигожин М.

Облыстық жоспарлау комиссиясының председателі болып Шкарупа Д. А. бекітілді.

Сессия облыстық соттың халық заседательдерін қосымша сайлады және Свердлов округтің транспорттық соты халық заседательдерінің сайлауын өткізді.

Жыйналыстарды мезгілінде өткізу, қабылданған қарарлардың орындалуын бақылап отыру жұмыстары Дзержинский атындағы совхозда да жақсы ұйымдастырылған.

Дегенмен облысымыздың көптеген МТС-тері мен совхоздарында, өнеркәсіп орындарында, кәсіподақ ұйымдарының жұмысына әлі де болса жете мән берілмей келеді. Мұндай жерлерде әсіресе кәсіподақ мүшелерінің жалпы жыйналыстары уақытында, жеткілікті дайындықпен өткізілмейді. Кейбір кәсіподақ ұйымдарының жыйналысы жұмыстағы кемшіліктер мен қателіктердің бетін ашып, қатал сынға алудың орнына, тек қол жеткен табыстарды орынсыз мадақтау жағдайында өтіп келеді.

Жақында Марьевка құрылыс тресінде кәсіподақ жыйналысы өткізілді. Жыйналыс алдын-ала әзірліксіз шақырылғандықтан оған кәсіподақ мүшелері толық қатыспады. Онда трестің бас инженері Измаилов жолдас жыйналыс басталардың алдында ғана техникалық қызметкерлерден жыйнап алған аздаған мәліметтерімен «баяндама» жасады. Әрине, мұндай баяндаманың талқылануға тиісті мәселені толық қамтып алмайтындығы сөзсіз. Жыйналыстың мұндай күйге ұшырауы трест аппаратының, оның басшылары Карецкий, Измаилов және Помыткин жолдастардың істің нақтылы жағдайын білмеуі, олардың бірде-бір совхоз немесе МТС-те болмағандығы салдарынан болды.

Тресте құрылыс жоспарының орындалуы өте қанағаттанғысыз. Үстіміздегі жылдың бірінші тоқсанында пайдаланылуға тиіс 8 миллион сом қаржының небары 500 мың сом ғана пайдаланылды.

Село лекторлары

Полудень ауданындағы селолық лекторийлердің жұмысы анағұрлым жақсартуға түсуде. Селолық лекторийлер жергілікті интеллигенцияны көптеп тартып, жоспар бойынша жұмыс істейтін болды.

Бірінші орыс революциясының 50 жылдығы жөнінде ауданның колхоздарында 20-дан астам лекция оқылды. Ауыл-село еңбекшілері Раевка жетіжылдық мектебінің директоры Физов, Богородск жетіжылдық мектебінің директоры Голушко және басқа лекторий мүшелерінің лекцияларын қызыға тыңдады. Соңғы айларда селоларда Россиядағы 1905-1907 жылдардағы революция—империализм дәуіріндегі бірінші халықтық революция, Москвадағы декабрь қарулы көтерілісі жөнінде және басқа тақырыптарда лекциялар оқылды.

Ауданның мәдениет ошақтары лекциялардан кейін сол тақырыпқа байланысты кинофильмдер көрсетуді, концерттер қоюды ұйымдастырып отырады. Жақында ауыл-село еңбекшілеріне «Вариг врейсері», «Котовский» кинофильмдері көрсетілді. Көркемөнерпаздар революция ту-

өткізеді, оның өзінде аса қажетті мәселелер талқыланбайды. Коллективтік шарттың орындалуының барысы кәсіподақ жыйналысында бір рет те қаралмаған.

Кәсіподақ ұйымдарының маңызды міндетінің бірі—жалпы жыйналыстарды әзірлеуді және өткізуді жақсарту, онда өндіріс және кәсіподақ ұйымдары өмірінен алынған аса маңызды мәселелердің үзбей талқылануын қамтамасыз ету. Жалпы жыйналыстардың беделін көтеру және оның шаруашылыққа әсері болуы үшін онда басшы қызметкерлердің есепті баяндамалар жасауын, жұмысшылар мен қызметкерлердің қойған сұрақтарына толық жауап беруін, әсіресе жыйналыс қабылданған қаулы-қарарлардың орындалуын қамтамасыз етуді талап етіп отыру қажет. Бұл келесі жыйналыстарда қаралатын мәселелерді жан-жақты шешуге көмектеседі, шаруашылық жұмыстарын жүргізуде кәсіподақ ұйымының көрсеткен көмегін байқатады.

СОКП Орталық Комитеті январь Пленумының қаулысын жүзеге асырудағы аса маңызды міндеттер кәсіподақ ұйымдарының ұйымдастырушылық және тәрбие жұмыстарының дәрежесін шұғыл жақсартуын талап етеді. Кәсіподақ ұйымдары жұмыстағы кеңесімдік, бюрократтың әдістерден біржола арлып, активпен, жұртшылықпен байланысты күшейткенде ғана табысты жұмыс істей алады. Жалпы жыйналыстар мен өндірістік кеңестер пайдалы ұсыныстар енгізетін, сын және өзара сынның шын мәнінде өрістетілген орталығы болуға тиіс.

Е. ЦИМБАЛ,
Кәсіподақтардың облыстық
Советінің председателі.

ралы әндерді орындап берді. Сол сияқты, М. Горькийдің «Дауылпаз туралы жыр», «Сұңқар туралы жыр» деген шығармалары оқылды.

Ауданның селодағы лекторлары СОКП Орталық Комитетінің январь Пленумының, ССРО Жоғарғы Советінің II сессиясының қарарларын, ауыл шаруашылығы алдыңғы қатарлыларының озат тәжірибелерін аудан еңбекшілері арасында кеңінен насихаттауда.

Бұл күндері село лекторийлері В. И. Лениннің туғанына 85 жыл толуына байланысты ауыл-село еңбекшілері арасында данышпан көсемнің өмірі және революциялық қызметі жөнінде лекциялар оқуды ұйымдастыруда. В. И. Ленинге арналған көрмелер ұйымдастыруда. Ал, кітапханалар ұлы көсемнің әдебиеттегі образы жөнінде кітап оқушылар конференциялары мен әдебиет көштерін өткізуге әзірленуде.

В. ГРЯЗЕВ

Облыстық лекция бюросының
директоры,

Жүгері егісінің көлемін ұлғайтып, өнімін арттырайық!

Жүгеріден мол өнім алу үшін күресеміз

Бүкіл совет адамдары сыяқты біздің колхоздың колхозшылары да Коммунистік партия мен Совет Үкметінің ішкі және сыртқы саясатын бірауыздан мақұлдап келеді. Демек, біздің тілейтініміз—бейбітшілік. Біздің тілейтініміз—бейбітшілікті нығайта отырып, еңбекте жана табыстарға жете беру. Міне, біздің колхозшылар осы ізгі ниетпен, өз Отанының күш-қуатын арттыра беру үшін аянбай күрес жүргізуде.

Партиямыздың Орталық Комитетінің ливары Пленумының қаулысын бұлжытпай жүзеге асыру—біздің ардақты борышымыз. Бұл Пленумда ерекше көңіл бөлінген мәселенің бірі—жүгері егісінің көлемін ұлғайтып, оған мол өнім алуға жетісу. Біз алдағы көктемде 30 гектар жүгеріні тұқымдық дән алу, 145 гектар жүгеріні сүрленетін мал азығын алу үшін егеміз. Бұған керекті тұқым 118 центнер еді, мұның көпшілігін тасып алдық. Қалған тұқымды аз мұнда колхозға жеткіземіз.

Жүгері егісіне деп бөлінген алаңымыз Есіл алқабында. Бұл жер өткен жылы тыңнан жырттылып, оған бидай себілген еді. Осы алаңның жүгері егу үшін құндылығы сонда—ол біріншіден, жаңа жер, екіншіден, суаруға қолайлы, Есіл, Қарасу ына жақын.

Жүгеріні шаршы-ұялы әдіс бойынша егеміз. Бұл әдіс колхозшыларға түсіндірілді. Жүгеріні егетін қажетті саймандарымыз жеткілікті. Колхозымызда жүгері егісін егу, күту, жыйнау жұмыстарын жүргізу үшін арнаулы звенолар ұйымдастырылды. Звенолар құрамының басым көпшілігі комсомолдар мен жастар.

Өткен жылға дейін бізде жүгері егісіне жете мән берілмей келді. Жасыратыны жоқ, кейбір колхозшылар бұл егіс біздің жерімізде өспейді деген теріс ұғымда болды. Мұның өзі мүлдем дұрыс емес екендігіне біздің көзіміз жетті. Кәзір колхозшылар жүгерінің бір өзі екі түрлі мін-

детті: астық ресурстарын толықтыру және малазық қорын молайту міндеттерін шешетіндігін жақсы біледі. Сондықтан олар тұқымдық жүгерінің гектарынан кемінде 15—18 центнер, көкшеге еккен жүгерінің гектарынан 250—300 центнерге дейін өнім алуға міндеттеніп, өзара социалистік жарысқа түсті.

Колхозымызда жеті жылдық мектеп жұмыс істейді. Мектептің комсомолдары және ересек оқушылары біржарым гектар жүгері егісін өздері егіп, өсіруге және жыйнауға міндеттеніп отыр. Колхоз басқармасы оларға жүгері тұқымын босаты. Бұл күндері оқушылар жүгері тұқымын себуге әзірлеуде.

Менің колхоз шаруашылығын басқару жұмысында істегеніме 14 жылға жуықтады. Осы саладағы азды-көпті тәжірибеде қоғамдық шаруашылықты дамытудың ең негізі—коллективтің берік бірлігінде, колхозшылар мен механизаторлардың өзара ынтымағында екенін байқадым. Осы себепті мен тек жүгеріні ғана емес, сонымен қатар бүкіл егіс жұмысына колхозымыздағы көп ұлтты колхозшылар мен механизаторлардың айнымас достық рухта тәрбиеленіп, бірлесе отырып жұмыс істеуіне баса көңіл бөліп отырмын. Біздің колхозда қазақ, орыс, украинец, татар және басқа ұлттар бар. Бұлардың барлығы да бір семьядағыдай достықпен, ынтымақпен, ақылдаса отырып жұмыс істейді. Олардың тілегі—колхоз дәулетін барған сайын арттыра беру. Колхоз басқармасы бұл шынайы тілекті үнемі қолдап келеді.

Біз жүгері егісін қай уақыттан бастап, қай уақытта аяқтайтындығымызды жақсы білеміз. Мерзімінде егіліп, жақсы күтілген жүгеріден мол өнімнің түсуінде күмән жоқ. Сондықтан жүгері егісін кешіктірмей, агротехникалық ең қолайлы мерзімде өткіземіз. Біз кәзір осы мақсатымызды орындап шығу үшін күресудеміз.

Ә. ҚҰРМАНҒОЖИН.

Октябрь ауданы, «30 жылдық Қазақстан» колхозының председатели.

Мектеп жүгері егеді

Ленин атындағы колхоздың (Булаев ауданы) орталығындағы Еңбекші қазақ жеті жылдық мектебінің комсомол ұйымы бұйыл көктемде екі гектар жүгері егеді. Бұл үшін колхоз жатасы жұмысталған, топырағы құнарлы жер бөлі. Кәзір комсомолдар мен оқушылар жүгері егілетін участканың топырағын қосымша тыңайту

үшін көң, күл, күс, саңғырығы сыяқты жергілікті тыңайтқыштар дайындауда.

Сонымен бірге, комсомолдар мен оқушылар жүгеріні шаршы-ұялы отырғызудың әдістерін, жүгері егудің, оны күтіп-баптаудың агротехникасын үйренуде.

К. НҮРКЕНОВ.

Құнарлы жемшөп базасы жасалады

Совет ауданындағы «Совет» колхозында қоғамдық мал шаруашылығын өркендеу дәрежесі осы уақытқа дейін айтарлықтай болмай келді. Мал басын көбейту жоспарлары жыл сайын орындалмады, мал шаруашылығының өнімділігі төмен болды. Мұның себебі колхозда жемшөп базасының нашарлығы еді.

Өткен жылы колхозда жемшөп әзірлеу жоспары орындалмай қалды. Соның салдарынан бұйыл колхоз мал қыстатуда бірқатар қиыншылықтарға кездесуде. Біраз мал шығын болды. Оның үстіне қыста сыйырлардың құнарлылығы мүлдем төмендеп кетті.

Колхозшылар бұл кемшіліктерге үстіміздегі және алдағы жылдары жол бермеу үшін жемшөп базасын нығайту жөнінде бірқатар шаралар белгіледі. Оның негізгісі—жүгері егісінің көлемін ұлғайту және одан алынатын өнімді арттыру болып табылады.

Өткен жылы колхозда сүрлем үшін 42 гектар жүгері егілген болатын. Бірақ колхоз басқармасы, сондай ақ, агрономдар жүгері егісін егуде және күтуде агротехникалық ережелерді дұрыс жүзеге асыруға мән бермеді. Керек десеңіз, бұл дақылды жазғы уақытта баптап күту мүлде ұйымдастырылмады. Колхозшыларға жүгері егісінің маңыз-мақсаты түсіндірілмеді. Осының салдарынан 42 гектар жүгері егісінің әр гектарынан небары 90 центнерден ғана көкше алынды.

Колхоз егіншілері үстіміздегі жылы жүгерінің жалпы көлемін 142 гектарға жеткізуге, оның 7 гектарынан тұқымдық дән алуға міндеттеніп отыр.

Колхозда жүгері егісіне керекті тұқым Смирново астық пунктінен толық тасылып алынды. Бұл күндері колхозшылар тұқымдық дәнді себуге әзірлеуде. Дән алынатын учаскторлерге себілетін тұқым көктемнің алғашқы күндері бөрттіріледі және күннің көзіне қыздырылады.

Бұл колхозда көкшөп үшін басқа тәнді дақылдар егісінің көлемі едәуір ұлғайтылады. Бұйыл қоғамдық мал үшін жүздеген гектар сұлы, арпа егіледі.

Колхозшылар жемшөп базасын нығайту арқылы қоғамдық мал шаруашылығының өркендей түсуіне жетісетін болады. Бұл колхоздың экономикасын нығайтуға, колхозшылардың әл ауқат мәдени-тұрмыс дәрежесін жақсартуға келеді үлес қосады.

Қ. САМАТОВ.

ЖҮГЕРІ ӨСІРУШІЛЕР НЕ ОҚУ КЕРЕК

Астық молшылығын жасау мен мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді арттырудың ең күрделі резерві—жүгері егуі біздің облысымызда да бұйыл кең өріс алғалы отыр. Облыс бойынша тек үстіміздегі көктемде ғана 53200 гектар жүгері егіледі. Осыған сай облысымыздың колхоз, совхоздарында жүгері егетін арнаулы звенолар ұйымдастырылып, олар іске белсенді түрде әзірлене бастады. Кәзір мұндай жүздеген звенолар жүгері дақылын отырғызудың әдістерін, оның агротехникалық ерекшеліктерін үйренуде.

Біздің облыста осы уақытқа дейін жүгері мұндай кең көлемде жүргізілген жоқ. Яғни бізде жүгері өсіру жаңа іс деуге болады.

Жаңа істі тез игеріп алу үшін жалғыз ниет пен тілек білдіру жеткіліксіз. Ол үшін істің жайын жете білу керек. Ігі іске жаңа келген жастарға, міне, осы жүйені талдап жеткізіп, ақыл беретін бір көмекші бар. Ол—кітап.

Соңғы кезде жүгерінің биологиялық қасиеттерін баяндайтын, оны өсірудің агротехникасы туралы айтатын көптеген кітаптар шығарылды. Солардың бірі Қазақ мемлекет баспасы шығарған, ауыл-шаруашылық ғылымының кандидаты **Ф. Н. Нуксенно** жолдастың «Жүгері—бағалы малазықтық дақыл» деген кітапшасы.

Кітапша негізінен жүгері дақылдың биологиялық қасиеттерін талдауға, оны күтіп-баптаудың ережелерін баяндауға арналған. Сонымен бірге кітапшада жүгеріні солтүстік аудандарда өсірудің практикасынан мысалдар келтіріледі.

Кітапша бірнеше тақырыптардан тұрады. Онда алдымен жүгері өсімдігінің ботаникалық сыйпаттамасы туралы қысқаша мәліметтер беріледі де, негізінен топырақты өңдеу, топырақта ылғал жыйнау, жүгері егуге арналған зәбәті тұқым себер алдында өңдеу, тұқымды себуге әзірлеу, жүгеріні шаршы-ұялы егу әдісі, егінді күту және тыңайтқыштарды пайдалану сыяқты әрбір жүгері өсірушіге практикалық көмек көрсететін жүгері өсірудің негізгі агрономиялық тәсілдері баяндалған.

Кітапта бұл айтылған тақырыптар жүгерінің өсу кезеңдеріне байланысты жүзінде әңгімеленеді. Бұл оқушыға үлкен жөнелдік келтіреді.

Жүгері өсіру жайында жалпы түсініктер жасалғаннан кейінгі тараулар жүгері собықтары жыйнау және сақтау, жүгерінің аудандастырылған сорттары, жүгерінің зиянды жәндіктері мен өкеселері және олармен күресу шаралары туралы ғылым мен практиканың тапқан жаңа әдістерін тұжырымдайды.

Социалистік Еңбек Ері, Сталиндік сый-



өнім алғанын естігенде М. Озерный: «Егер жүгеріден де жоғары өнім алуды қолға алсақ қалай? Бәлкім, бұған шамамыз келер де» деген.

М. Озерный жолдас кітапта Днепр маңындағы қаратопырақты жерлерде жүгерінің өсіп-өну ерекшеліктерін, оның звеносы қолданатын әдістерді жазады және оның тәжірибесін топырақ құрылымы мен климат жағдайы басқа жерлерде қалай пайдалану керектігі жайында кеңес береді. М. Озерный тек өз тәжірибесін ғана баяндаумен тынбай, сондай-ақ елімізде жүгеріден жоғары өнім алған көптеген колхозшылардың практикасынан мысалдар келтіреді. Бұл кітапта табыстың шешуші шарты, әсіресе ғылым мен практиканың өзара тығыз байланыста болуында екендігі шынайы көрсетілген. Осылармен қатар М. Озерный іске творчестволық тұрғыда кірісуге ерекше маңыз берген.

Л. Д. Молдавскийдің «Сибирьде жүгеріні сүрлем және көкшөпке егу» деген кітапшасын ауылшаруашылық әдебиетінің мемлекеттік баспасы шығарған. Кітапшада Сибирь совхоздарында сүрлем үшін жүгері өсіру мәселелері баяндалады. Малазық рационында құнарлы жемшөптің, сүрлемнің атқаратын ролі, Сибирь совхоздарында жүгеріні малазықтық дақыл ретінде өсірудің маңызы айтылады.

Кітапшаның «Жүгері Сибирьдегі малазықтық дақылдардың негізгісінің бірі болуы тиіс» деген бірінші тарауында көп уақытқа дейін орын алып келген Сибирьде жүгері өсіп жетіспейді деген қате пікірді қатты сынайды. Бұл пікірдің түбірінен теріс екендігіне Сибирь совхоздарының тәжірибесінен мысал келтіреді. Мысалы, Краснояр өлкесі, Назаров ауданының тәжірибесінен мысал келтіреді. Мысалы, Краснояр өлкесі, Назаров ауданының тәжірибесінен мысал келтіреді.

да осы сыяқты көптеген мысалдар келтіре отырып, Сибирь жағдайында да жүгерінің жақсы өсетіндігін шебер дәлелдеген. Атап айтқанда, кітапшада Урал мен Сибирьде жүгеріні майдың аяқ кезінде отырғызуға өбден болатындығына мысалдар келтіріледі. Оның бұл облыстарда сүттеніп-қамырлану мерзімі—75—90 күн. Демек, солтүстік облыстарда жүгері өсірудің зор мүмкіншілігі бар. Бірақ бірқатар жерлерде жүгеріні сүттеніп-қамырланған кезінде жыйнап сүрлемге пайдалану ісіне жете мән берілмеген.

Бұдан кейінгі сүрлем және көкшөп үшін жүгері егудің агротехникасы, жүгеріні жыйнау және сүрлеу деген тарауларда топырақты өңдеу, қар және қар суын тоқтату, тыңайтқыштар себу, тұқым отырғызу және егінді күтіп-баптау жұмыстарын қалай ұйымдастыру жайы айтылады. Жүгеріні сүрлемге қалай салу жайында кітапшаның соңғы тарауында аса бағалы ұсыныстар айтылып, сүрлемге арналған жүгеріні жыйнаудағы ерекшеліктер тұжырымды баяндалады. Бұл айтылғандардан мынадай қорытынды шығаруға болады: көрші Омск облысында, сондай-ақ басқа да Сибирь облыстарында жүгері өсіруде елеулі табыстардың болуы, оны өсіруде бай тәжірибелердің жыйнақталуы біздің Солтүстік Қазақстанда да жүгеріні кең көлемде егіп, одан мол өнім алуға болатындығын дәлелдейді. Өйткені көрші облыстардан біздің облыстың жер жағдайында, климатында өзгешелік тіпті аз.

Жүгері өсірушілерге жоғарыда айтылған кітаптармен қатар ауылшаруашылық әдебиетінің мемлекеттік баспасынан



СУРЕТТЕ: 1 Дзержинский атындағы астық совхозының тракторшысы А. Рунецтің бригадаға тұқымдық астықты тасымалдап жүрген кезі. 2. Тимирязев атындағы астық совхозының таразышысы Мария Георгиевна Белоусова краснодарлық тракторшы Вячеслав Чебороревтан тұқымдық бидайды қабылдап тұр.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

Екіншілерге кеңес

Овощьтар мен тамыржемісті өсімдіктерді егудің жолдары

Қазіргі уақытта колхоздар мен совхоздардың алдында овощьтар мен тамыржемісті өсімдіктердің көлемін ұлғайтумен бірге, олардан мол өнім алынуын қамтамасыз ету міндеті тұр. Дақылдардың бұл түрінен мол өнім алу үшін алдымен егін егілетін алаңдарды таңдап алу керек. Егісті кезінде себу, тұқымдық дәнді норма бойынша сіңіру және егіс егуде шаршы-ұялы әдісті қолдану да мол өнім алудың негізгі шарттары болып саналады. Төменде овощьтар мен тамыржемісті өсімдіктерді егудің жолдарына тоқталамыз.

Қыярды егу. Қыярды егуге оны желден қорғауға болатын және оңтүстікке қарай көлбеулеу учасоктерді таңдап алу қажет. Колхоздардың қыяр егуге аудандастырылған «муромск», «визниковский» және «неросимый» сортты тұқымдарды пайдаланғаны жөн.

Қыяр егісі 25-28 сантиметр тереңдікте жыртылған зябке орналастырылады. Мұндай учасокті 1-2 рет культивациялап, тырмалау керек. Бұл жұмыс бір агрегатпен атқарылады. Зябь жыртар алдында әрбір гектар жерді 25-30 тонна көңмен және 3 центнер суперфосфат немесе калий тұзымен тыңайтқан игі нәтижесін көрсетеді. Дайындалған алаң тұқым себер алдында ағаш катокпен тегістеледі, содан кейін екі бағытта маркерленеді. Қыяр тұқымының «муромский» және «визниковский» сорттарын сепкенде егістің қатараралықтары 70x70 сантиметр, ал «неросимый» тұқымын сепкенде 100x100 сантиметр болуға тиіс. Егер егіс көлемі мол болған жағдайда тұқым себуге «СП-6», «СП-6А» сеялкаларын пайдалануға, сөйтіп әрбір ұяға 4 дәннің

түсуін қамтамасыз ету керек. Егер егіс көлемі аз болса, онда тұқым себу жұмысы қолмен атқарылады. Ұялар маркерлердің түйіскен жерінде жасалынып, тұқым 2—2,5 сантиметр тереңдікке сіңіріледі. Әрбір гектар жерге норма бойынша 5—6 килограмм тұқым сіңіріледі.

Қыярдың көшеттерін отырғызу. Көшеттер отырғызылар алдында егіс алаңы екі бағытта маркерленеді. Қысқа сабақты қыярдың қатараралығы 70x70 сантиметр, ұзын сабақты қыярдың қатараралығы 100x100 сантиметр болады. Маркердің бойымен тереңдігі 10—12 сантиметрде борозда жасалады. Маркерлердің түйіскен жерінде 20 сантиметр тереңдікте ұя жасалынып, әрбір ұяға 200 грамм көң, 6 грамм аммиак селитрі, 2 грамм суперфосфат және 1 грамм хлорлы калий салынады. Содан кейін ұя балшықпен жабылады. Әрбір ұяға қатараралығы 10 сантиметрден 4 көшет құмыралары отырғызылады.

Құмыраға бір дән салынып, парниктерге қойылады. Құмыралардың аралығындағы бос жерлер көңмен толтырылады және жылы су құйылады. Әрбір рамада 300—350 құмыра болады. Дән өне бастағанда парниктегі жылылық 20—22 градус шамасында сақталады, ал дән өніп болғаннан кейін жылылық күндіз 20 градусқа, түнде 15 градусқа дейін кемітіледі. Қыярдың көшеттері 6—10 июньде отырғызылады.

Қыяр тұқымын себер алдында 35 градус жылылықта қыздырып, кептіру керек. Егер мұндай әдіс қолданылмаған жағдайда онда тұқым 60—70 градусқа екі сағат қыздырылады. Тұқымды бұлайша қыздыру тринклер аппараттарында

жүргізіледі. Егер мұндай аппараттар болмаса, тұқымды пеш үстінде қыздыру керек. Тұқымды себер алдында қыздыру, қыярдың өніп-өсу мерзімін 10—15 күнге дейін тездетеді.

Помидорды егу. Помидор егісін егуге жеңіл топырақты, дөңестеу жерлерді таңдап алған өзінің игі нәтижесін көрсетеді. Помидор егілетін жерді өңдеу тәртібі қыяр егісі егілетін учасокті өңдеу тәртібімен бірдей. Әрбір гектар егіс алаңына бір—біржарым центнер аммиак селитрі, 3—4,5 центнер суперфосфат, 0,5 центнер хлорлы калиймен тыңайтылады. Тұқым себер алдында әрбір гектарға 15—20 тонна көң төгіледі. Помидорды шаршы-ұялы әдіспен егу керек.

Егіс алаңы тұқым себілмей тұрып екі бағытта 13—14 сантиметр тереңдікте маркерленеді. Егер помидордың «маяк», «бизон» тұқымдары себілсе, онда егістің қатараралықтары 60x60 немесе 70x70 сантиметр болады және әрбір түшке бір дән себіледі. Ал әрбір түшке екі дән себілген жағдайда дөңдердің екі аралығы 10 сантиметр болғаны жөн. Маркерлердің түйіскен жеріне ұя жасалынып, әрбір ұяға 0,5 килограмм көң, 1—2 грамм аммиак селитрі, 5—7 грамм суперфосфат, 1—1,5 грамм хлорлы калий төгіледі. Помидорды 6—10 июньде еккен өте қолайлы.

Капустаны егу. Капустаны өзен алқабына, ылғалды мол сақтайтын ойпаттарға, жер қыртысы аударылып жыртылған тыңға, сол сыяқты, органикалық тыңайтқыштармен тыңайтылған учасоктерге егуге болады. Біздің облыстың жағдайында капуста үшін «бірінші номерлі», «слава» және брауншвейгс тұқымы

ның лауреаты М. Е. Озерныйдің «Жүгерінің рекордтық өнімі» деген кітабы жүгері өсіруші жастарға тікелей практикалық жұмыс жүйесін баяндап, іске баулытындығы жағынан ерекше құнды. Жүгері өсірумен ширек ғасырдан астам уақыт айналысып келе жатқан жүгерінің гектарынан 224 центнер дән жыйнап, дүниежүзілік рекорд жасаған М. Озерный жолдас кітапта өз тәжірибесін іске алғаш кіріскен кездегі кездескен қиыншылықтардан бастап әңгімелейді, қиыншылықтарды жеңген жолдарын баяндайды.

Киев колхозшысы Мария Демченконың қызылшаның гектарынан 500 центнерден

гектарға егілген жүгерінің әрбір гектарынан 800 центнер балғын шөптің өнімі, Омек облысы, «Победитель» шошқа совхозында 23 гектар жүгерінің әр гектарынан 310 центнерден көкше алынған.

Омек облысының тұқымдық мал совхоздарында құнабағыт сүрлемін тәулігіне 20 килограмнан артық жемейтін сыйырлардың оған жүгері араластырғанда тәулігіне 35 килограмға дейін жейтіндігі байқалған. Бұл жүгерінің аса бағалы малазықтық дақыл екенін толық дәлелдейді.

Жүгерінің мал азықтық сапасы жайын

А. Р. Щербина. «Көлемді жүгері алаңынан алынған мол өнім», М. Е. Озерный. «Жүгері барлық аудандарда егілсін».

Сондай-ақ жүгері өсіру туралы «Московский рабочий» баспасы шығарған «Москва түбінде жүгеріден жоғары өнім алу үшін» деген жыйнақта, ауылшаруашылық энциклопедиясында, «Агрономға көмекші» деген кітапта да аса бағалы пікірлер мен тәжірибелер келтірілген.

Жүгері өсіруші жолдастар! Жүгері өсіру жөніндегі ғылым мен практиканың озат әдістерін талмай үйреніп, оны өз істеріңде творчестволықпен қолданыңдар!

дарын сепкен дұрыс. Бұлардың пісу мерзімі әртүрлі. «Бірінші номерлі» капустаның тұқымы ерте піссе ал, «брауншвейгс» тұқымы кеш піседі. Мұндай тұқымдардың әрбір колхозда болуы капустаны жыйнауды кезінде жүргізуге мүмкіндік береді.

Капустаның көшеттерін өсіру үшін құмыраларға дән отырғызылады. Дәннің өну дәрежесінде құмыраларды 17—20 градус жылылықта сақтау керек. Дән өсе бастағаннан кейін 4—5 күн бойы құмыра сақталатын орындарда жылылық 6—8 градусқа дейін төмендетіліп, содан кейін күндіз 14—15 градусқа жеткізіледі. Түнгі уақытта жылылықты 8—10 градус болғаны жөн.

Көшеттерге 5—6 жапырақ шыққаннан кейін және оның биіктігі 15 сантиметрге жеткенде капустаны отырғызуға болады. Ерте пісетін капустаның көшеттерін отырғызу 10—15 майда, кеш пісетін капустаның көшеттерін отырғызу 20—25 майда жүргізіледі.

Ерте пісетін капустаның қатараралығын 50x50 сантиметр, кеш пісетін капустаның қатараралығын 70x70 сантиметр етіп отырғызу одан мол өнім алынуын қамтамасыз етеді.

Бақша дақылдарын егу. Бақша егістерін жаңа жерлерге егу өзінің игі нәтижесін береді. Егер қарбыз бен қауын көп жылдардан бері пайдаланылып келген жерлерге егілетін болса, онда ол учасокті міндетті түрде органикалық тыңайтқыштармен тыңайту қажет. Егісті күннің көзі мол түсетін, желден қорғанышы бар учасоктерге орналастырған жөн.

Қарбыз бен қауынды құм топырақты учасоктерге орналастырса, олардың шығымы жақсы болады. Бақша егістерін егуде шаршы-ұялы әдісті кеңінен қолдану керек. Бұл үшін «СП-6» сеялкаларын тұқым себуге бейімдеуге мүмкіншілік мол. Егіс көлемінің мөлшері аз болып, тұқымды сеялкамен себуге мүмкіндік болмаса, онда егіс егу қолмен жүргізіледі.

Асханалық тамыржемісті өсімдіктерді егу. Сәбізді және асханалық қызылшаны егуге арашөптерден таза, борпылдақ топырақты учасоктер бөлінеді. Сәбізді егуді апрель айының үшінші онкүндігінде немесе май айының алғашқы күндерінде ұйымдастыру керек. Қызылша сәбіз егілгеннен соң және жер қабаты өбден жылынғаннан кейін егіледі.

Сәбіздің тұқымы көп реттерде құрғақ күйінде себіледі. Егер егіс егу көктемнің алғашқы кезінде ұйымдастырылса, онда тұқымның себер алдында дымқыл болғаны жөн. Ол үшін тұқымды селдір матадан жасалған қапқа салып, қаптың түбін бір тәулік бойы суға тигізіп қою керек. Тәулік бойына су үш рет өзгертіледі. Содан кейін тұқым жабық бөлмеде қаптың үстіне 5—6 сантиметр қалыңдықта төселеді. Осылайша бөрттірілген тұқым тез өніп өсе бастайды. Құрғақ күйінде әрбір гектар егіс алаңына 6 килограмм, дымқыл күйінде 8 килограмм тұқым себіледі.

Сәбіздің қатараралығын айыру мақсатымен осы учасокке редиска егіледі. Редиска бес-алты күннен кейін жер бетіне білініп, өсе бастайды да, сәбіздің қатараралығын айқын көрсетеді, сөйтіп сәбізбен бірге шыққан арам шөптерді жоюға мүмкіндік береді. Редиска егу колхоз үшін өте пайдалы. Одан мол табыс алуға болады. Сәбіз егілетін әрбір гектар жерге бір-екі килограмм редиска тұқымын ұзын бойымен себуге болады.

Сәбіз бен асханалық қызылшаны егуге овощь тұқымын себетін жабайы сеялкаларды пайдалану қажет. Сәбіз тұқымы үш-төрт сантиметр, қызылша тұқымы төрт-алты сантиметр тереңдікке сіңіріледі. Әрбір гектарға себілетін қызылша тұқымының мөлшері 16 килограмм.

Пиязды егу. Шалқанды пиязды қатарымен екі жыл өсіруге болады. Бірінші жылы пияз көшеттері алыса, келесі жылы шалқанды пияз алуға болады.

Пияз егісі арам шөптерден таза учасоктерге орналастырылады. Қунардылы-

ғы мол жерге пиязды егу өзінің игі нәтижесін беретіндігін тәжірибе айқын көрсетіп келеді. Пияз егісін егуді апрель айының соңғы күндерінде ұйымдастыру керек. Әрбір гектар жерге 50—60 килограмм тұқым себуге болады.

Пиязды жабайы әдіспен себу көптеген жұмысшы күшін қажет етеді. Бұл жұмыстың біразын механикаландыруға болады. Ол үшін пияз егуде шаршы-ұялы әдісті кеңінен қолдану қажет. Бұл егісті күтуді механикаландыруға мүмкіндік тугызады.

Егіс егуде шаршы-ұялы әдісті қолдану үшін егіс алаңы қатараралығы 80 сантиметр мөлшерде ұзын және көлденең бойымен маркерленеді.

Маркерлердің түйіскен жерлеріне ұя жасалынып, оған 16—17 дән себіледі. Осындай жағдайда әрбір гектар жерде 15625-тей ұя болады. Пияздың қатараралықтарын баптау ат культиваторымен екі бағытта жүргізіледі. Тек ұялардың түбіндегі арам шөптерді отау ғана қолмен атқарылады. Бұл егісті күту жұмысының небары 15 проценті ғана қолмен атқарылады деген сөз.

Малазығындық қызылшаны егу. Малазығындық қызылшаларды егуге мол өнімді, жақсы тыңайтылған және терең етіп жыртылған учасоктер бөлінуге тиіс. Учасоктерде арам шөптердің болмауы—негізгі шарт. Малазығындық қызылша көпжылдық екпе шөптер өсірілген учасоктерге егілсе, тұрақты мол өнім береді. Бұл егісті егу жұмысы май айының алғашқы күндерінде жүргізіледі. Ал турнепсті май айының соңғы күндерінде еккен дұрыс. Бұл дақылдарды егуде де шаршы-ұялы әдісті кеңінен қолдануға болады.

Овощьтар мен тамыржемісті өсімдіктерді егудің осындай шарттары мұқият жүзеге асырылған жағдайда, бұл дақылдардан мол өнім алынатындығы сөзсіз.

И. ЖУКОВСКАЯ,
«Сортсемоощь» мекемесінің аға агрономы,

Халықаралық шолу

ӨТЕ МАңызды ҚАРАР

Францияның, Италияның, Батыс Германияның парламенттері Париж келісімдерін бекіткеннен кейін батыс державаларының бүкіл насихаттық аппараты «жербе салынып» отыр-мыс, ал герман милитаризмін қайта тудыру даусыз іс болып табылады-мыс деп, халық бұқарасы арасында әсер тудыруға барлық күшін жұмсап бақты.

Бұл сыяқты насихат халықтардың Батыс Германияны ремилитарландыруға және оны агрессиялық соғыс блоктарына қоса қарсы күресін нашарлатуды көздейді. АҚШ-тың билеуші топтары және олардың Англия мен Франциядағы пікірлестері, бейбітшілік ісіне хауіпті келісімдердің бекітілгені жөнінде шаттанып отырған-сып, сонымен бірге вермахтты қайта тудыруды жақтаушылардың позициясы қаншалықты осал- екендігімен санаспай отыра алмайды, өйткені ағылшын парламентінде де, француз парламентінде де депутаттардың көпшілігі емес, тек азшылығы ғана келісімдерді бекітуді жақтады. Олар келісімді жақтап дауыс берген азшылықтың сайлаушылар бұқарасы арасында кең сүйенетін тірегі жоқ екенін, егер Англия мен Францияның билеуші топтары сайлаушылардың еркімен іс жүзінде санасқан болса, Батыс Германияны қаруландыру жоспарларының көрге көмілетінін көрмей отыра алмайды.

Париж келісімдерінің бекітілгеніне қарамастан, бұл келісімдерге қатысушылар арасындағы алауыздықтардың мүлде жойылмағаны батыс саясатшыларының лагерьінде күшті абыржушылық тудырып отыр. Саар туралы мәселе жөніндегі қайшылықтар бұрынғысына шиеленісе түсуде. Батыс еуропалық одақтағы негізгі әріптестер арасында қару-жарақ өндіруге қатысу туралы мәселеде болып отырған бәсекелесу дәлі жойылған жоқ. Париж келісімдерін бекітуді жақтап дауыс берген француз саясатшылары Батыс Германия қатысатын соғыс блоктарында оған бірінші орын беріліп, ал Франция екінші қатардағы державаның дәрежесіне қойылатындығымен санаспай отырмайды.

Париж келісімдерін бекіту туралы сырттан жасалған күшті қысым салдарынан қабылданған батыс елдері парламенттерінің қарарлары Вашингтонның, Лондонның және Париждың билеуші топтарын тіпті де тыныштандырмай жоқ. Ал олар халық бұқарасының герман милитаризмін қайта тудыру жоспарларына қарсы халық бұқарасының қозғалысын нашарлатуға қаншама тырысса да, бұл әрекеттен түк шықпайды. Еуропаның орталығында соғыс ошағын қайта тудыруға қарсы күрес онан әрі жүргізіліп өрістей түсуде.

Мұны, атап айтқанда, Париж келісімдерін бекіту салдарынан Еуропада туған жаңа жағдайдан Совет Одағы және басқа бейбітшіл еуропалық елдер жасап отырған қорытындыларға Франция мен басқа батыс елдері жұртшылығының дұрыс қарау

үкметтері соның нәтижесінде жоғарыда аталған договорлардан туатын, жаңа герман агрессиясының жасауына жол бермеуге СССР-мен бірлесе отырып барлық шараларды қолданатын міндеттемелерін бұзды. Ағылшын-совет және француз-совет договорлары Париж келісімдерімен сыйыспайды. Париж келісімдері бекітілгеннен кейін бұл договорларды күшінде қалдыру—батыс елдері билеуші топтарының Париж келісімдерінің агрессиялық шын мақсаттарын бүркемелеуіне көмектескендік болар еді.

ДЕЛИ МЕН БАНДУНГТЕГІ КОНФЕРЕНЦИЯ

Соңғы күндері маңызды оқиғалар болды, бұл оқиғалар бейбітшілік пен ұлттық тәуелсіздік жолындағы күресте Азия халықтарының ынтымағы артып отырғандығын көрсетеді. Әсіресе азиялық елдердің халықаралық қатынастардағы шиеленісті бәсеңдету жөнінде Делиде болған конференциясын ерекше атап айту керек. Бұл конференцияға қатысушылар құрамының өзі оның Азия халықтарының ең қалың жұртшылық топтарының ойлары мен үміттерін білдіруші болғандығын көрсетті. Азияда болған терең мағналы тарихи өзгерістер делегаттардың сөздерінде және конференцияның қарарларында айнадағыдай айқын бейнеленді. Азияның халықтары жаңа тұрмыс орнатуға ұмтылып, өздерінің ұлт-азаттық күресінің ұлы жеңістерін баянды етуге және ұлғайта түсуге берік бел байлап отыр.

Делидегі конференцияның көрсеткеніндей, азиялық халықтар территорияның тұтастығы мен суверенитетті өзара құрметтеу, бір-біріне тиіспеу, бір-бірінің ішкі істеріне араласпау, теңдік және өзара тиімділік, бейбітшілікке қатар өмір сүру принциптеріне негізделген ынтымақ пен бірлікті Азияда бейбітшілікті нығайтудың және өздерінің ұлттық ынтызар мүдделерін жүзеге асырудың аса маңызды кепілі деп санауда. АҚШ-тың, Англияның және басқа отаршыл державалардың Азиядағы жаңа жағдайды ескермей отырған соғыстан кейінгі бүкіл саясаты азиялық халықтардың бірін басқаларына айдап салуға, оларды кіріптарлық заемдармен шырмауға, сөйтіп дүние жүзінің орасан үлкен осы ауданында өздерінің отарлық үстемділігін қалпында сақтауға ұдайы бағытталып келді және бағытталып келеді. Қытай Халық Республикасы және басқа азиялық халықтық демократия елдері тарапынан «коммунистік қатер» төніп отыр-мыс дейтін сандырақтар, сондай-ақ нашар өркендеген елдерге атышулы американдық «көмегін» көрсету жоспарлары да дәл осы мақсаттарға қызмет етуде. Бірақ Азия елдері өздерінің бір-бірімен қатынастарын жоғарыда аталған бес принципке негіздеп құрғанда және империалистік отаршыл державалардың өз істеріне араласуына мүмкіндік бермейтін уақытта, олардың отаршылар жоспарларын есепсіздікке ұшыратып, өздерінің достық ынтымағын өркендететін және бейбітшілікті нығайтады.

қарарларда жаппай қырып-жоютын қаруға тыйым салу, АҚШ-тың барлық қарулы күштерін Тайвань мен Пэнхуледао аралдарынан әкетіп, бұл территорияларды Қытайға қайтарып беру, Қытай Халық Республикасының Біріккен Ұлттар Ұйымындағы заңды праволарын қалпына келтіру, Корея мен Индо-Қытай мәселелерін үзілді-кесілді реттеу талаптары қойылды.

Делидегі конференция Индонезияның Бандунг қаласында 18 апрельде ашылатын Азия мен Африка елдері конференциясының табыспен өтуіне тілектестік білдірді. Мұндай конференция шақырудың өзі, деді В. М. Молотов СССР Жоғарғы Советінің сессиясында, соңғы уақытта Азияда болған қолайлы өзгерістердің қаншалықты ұлы маңысы бар екенін көрсетеді. Конференция инициативаларының мәлім демесінде былай деп көрсетілді: бұл конференцияның мақсаты бейбітшілікті нығайту проблемаларын, отаршыл державалардың әрекеттеріне қарсыласу және Азия мен Африка елдерінің экономикасын өрге бастыруға көмектесу проблемаларын талқылауда болып отыр. 29 елдің үкмет өкілдері қатысатын Бандунгтегі конференцияның күн тәртібіндегі негізгі проблемалар міне осындай.

ХАЛЫҚТАР БЕЙБІТШІЛІКТІ

ҚОРҒАУҒА ЖҰМЫЛА КІРІСУДЕ

Батыс елдеріндегі агрессияшыл топтар Париж келісімдерін бекіту бейбітшілік ісіне хауіпті герман милитаризмін қайта тудыруға қарсыласушылардың қозғалысын нашарлатып, әлсіретеді деп дәмеленген еді. Бірақ олардың үміттері ақталмай қалды. Париж келісімдеріне қарсы күрестің бәсеңдегені былай тұрсын, қайта күшейе түсті. Мұны әсіресе Батыс Германияны римилитарландыруға және Париж келісімдерін жүзеге асыруға қарсы Еуропа елдерінің еңбекшілері мен кәсіподақтары өкілдерінің 22 апрельде Лейпцигте конференциясын шақыру туралы үндеуге еуропалық елдер еңбекшілерінің қызу үн қосқандығы ерекше айқын көрсетіп отыр.

Герман Демократиялық Республикасында, сонымен қатар Польшада, Чехословакияда және басқа халықтық демократия елдерінде кәсіподақ ұйымдары конференция шақыру, инициативасын мақұлдап, конференцияның қорына қаржы жыйнауға, оның мақсаттарына қосылатынын білдірді. Бұл үндеу Батыс Еуропаның капиталистік елдерінің еңбекшілері арасында да осындай көзқарас тудырды, мысалы, Францияда конференцияға әзірлену жөнінде ұлттық комитет құрылды, Батыс Германияның көптеген кәсіпорындарында Лейпцигке баратын делегаттар сайланды.

Осы жылғы майда Хельсинкиде бейбітшіл күштер өкілдерінің Бүкіл дүниежүзілік ассамблеясын шақыру идеясының кеңінен қосталып отырғандығы да империалистік мемлекеттердің агрессияшыл арам-ойларын жүзеге асыруға жол бермеуіне

ВАРШАВАДА В. И. ЛЕНИННІҢ ОРТАЛЫҚ МУЗЕЙІ ТАЯУДА АШЫЛАДЫ

ВАРШАВА. 17 апрель. (СОТА). Польша халқы Коммунистік партияны және дүние жүзіндегі алғашқы социалистік мемлекетті құрушы В. И. Ленинді шын жүректен еске түсіруде.

Варшавада поляк үкметінің қарары бойынша В. И. Лениннің Орталық музейі жасалады, бұл В. И. Лениннің Польшадағы үшінші музейі.

Оның 9 залы бар, оларға бір мыңға жуық экспонат қойылған. Алғашқы 6 залда —көсемнің бейнесін еске түсіретін картиналар, В. И. Лениннің өмірі мен революциялық қызметі туралы баяндайтын материалдар, документтер, Ленин еңбектерінің фотокошірмелері орналастырылған. Басқа үш залдағы экспонаттар Лениннің идеяның Совет Одағында, халықтық Қытайда және халықтық демократия елдерінде салтанат құруын бейнелейді.

В. И. Лениннің 1912—1914 жылдары Польшада болуына арнаулы зал бөлінген.

Варшавадағы В. И. Лениннің Орталық музейі 22 апрельде салтанатты түрде ашылатын болады.

ЧЕХОСЛОВАК БЕЙБІТШІЛІКТІ ЖАҚТАУШЫЛАРЫНЫҢ ҮШІНШІ СЪЕЗІ

ПРАГА, 17 апрель. (СОТА). Бүгін Прагада Чехословак бейбітшілікті жақтаушыларының үшінші съезі ашылды.

Съезге елдің барлық түкпірлерінен 1500-ге жуық делегаттар, сол сыяқты көптеген қонақтар келді.

Бейбітшілікті жақтаушылардың чехословак комитетінің жұмысы және бейбітшілік жолындағы бүкілхалықтық қозғалыстың жаңа міндеті туралы бейбітшілікті жақтаушылардың чехословак комитеті президиумының мүшесі профессор Позеф Громадка есепті баяндама жасады.

АҚШ-ТА АЗАМАТТАР БОСТАНДЫҒЫН ҚОРҒАУ ҮШІН

НЬЮ-ЙОРК, 17 апрель. (СОТА). Кеше Нью-Йорктың ең үлкен «Карнеги-холл» концерт залында азаматтар праволарын қорғаудың Тетенше комитетінің инициативасы бойынша конференция өткізіліп, бұған американдық халықтың қалың топтарынан 1200 өкіл қатысты. АҚШ-та демократиялық бостандықтың қайта тудырылуы жолындағы күрес ұранымен өткізілген конференцияға қатысушылар азаматтардың саяси праволарына, оқу-ағарту бостандығына, кәсіподақтар праволарына реакцияның пабуылын, сол сыяқты, бір жерден екінші жерге бару бостандығын шектеуді қатты айыптады. Шешендер жергілікті жердегі халықтардың белсене қиймыл жасауының және демократиялық право жолындағы күрестің біртұтас майданын құрудың қажеттілігін атап көрсетті.

Заң шығару ықпалы жолындағы күрестің онтүстіккаролиндік әйелдер советінің президенті Дороти Маршалл ханым республикалық заңдар мен азаматтық праволарын бұзғандығын айыптады.

ФИЗКУЛЬТУРА ЖӘНЕ СПОРТ

Төменгі спорт коллективтерінің жұмысын жақсартып берейік

Қазақ ССР Министрлер Советінің «Колхозшы» ерікті спорт қоғамын ұйымдастыру туралы қаулысының жарияланғанына бірқатар уақыт өтті. Осы уақыттың ішінде облысымыздың көптеген колхоздарында «Колхозшы» ерікті спорт қоғамдарының төменгі коллективтері құрылды.

Облысымыздың 178 колхозында «Колхозшы» ерікті спорт қоғамының төменгі коллективтері бар. Олар 4 мыңға жуық колхозды деревня жастарын қамтыды. 1951 жылы ұйымдастыру жұмыстары кезінде барлық аудандарда «Колхозшы» ерікті спорт қоғамының аудандық және облыстық Советтері сайланды.

Бірқатар спорт коллективтері спортпен әуестенетін ауыл-село жастарының қатарын көбейтіп, селодағы спорт жұмысын жандандыра түсті. Преснов ауданындағы «Жизнь» колхозының төменгі спорт коллективінің жұмысы басқаларға үлгі боларлықтай. Коллективтің 45 мүшесі бар. Село жастарынан футбол, волейбол командалары құрылған.

Коллектив тиісті жоспар бойынша жұмыс істейді. Колхоз басқармасы село спортшыларын барлық қажеттерімен қамтамасыз етіп, оларға спорт киімдері мен жабдықтарын сатып алуға, спорт алаңдарын салуға көмектесіп отырады.

Сондай-ақ, Октябрь ауданындағы «Путь Ильича» колхозындағы төменгі спорт коллективі 61 адамды қамтыды. Село жастары төменгі спорт коллективінің белсенді мүшелері болып саналады. Олар өздерінің күшімен спорт алаңдарын салды. Спорттың түрлері бойынша командалар ұйымдастырып, спорт секцияларының жұмыс істеуіне жетісті.

«Путь Ильича» колхозының спортшылары «Щит» колхозының спортшыларымен колхозаралық жарыста бірінші орынға шықты. Төменгі спорт коллективінің председателі Базарбаев жолдас спортшылар қатарының өсуіне, секция жұмыстарының жақсаруына үнемі қамқорлық жасап отырады. Село спортшылары еңбекте де, спорт жарыстарында да алғы орынға ие болуда. Сауыншы Марченко, егіс бригадасының бригадирі Титовский еңбекте де, спорт жарыстарында да басқаларға үлгі болуда.

Дегенмен, төменгі спорт коллективтерінің жұмысы барлық жерде бұлай болмай отыр. Бірқатар колхоздарда коллективтің жұмысы формальды түрде ғана ұйымдастырылған. Одette мұндай спорт коллективтері ауыл-село спортшыларының қатарын көбейтіп, селодағы спорт жұмысын жандандыруға баса көңіл бөлмейді. Бұған колхоздардың басқармалары

Октябрь ауданының «Победа», «Трудовик» колхоздарында төменгі спорт коллективі формальды түрде ғана ұйымдастырылған. Колхозда спорт секциялары жұмыс істемейді. Колхоз басқармалары село спортшылары үшін спорт киімдерін алуға, спорт алаңдарын салуға көмектеспей келеді. Ленин, Мамлют, Совет, Булаев аудандарының колхоздарында да төменгі спорт коллективтерінің жұмысы нашар.

«Колхозшы» ерікті спорт қоғамының аудандық және облыстық Советінің жергілікті спорт коллективтерімен байланысы қанағаттанғысыз. Аудандық Советтің председателдері төменгі спорт коллективтеріне басшылықты жақсартып, оның жұмысын жандандыруға көмектеспейді. Колхоздарға аудан орталықтарынан тренерлер жіберіп, ауыл-село спортшыларының спорттың әр түрі бойынша жаттығуын ұйымдастырмай келеді.

Осы уақытқа дейін бірқатар колхоздарда «Колхозшы» ерікті спорт қоғамының төменгі коллективтері ұйымдастырылған жоқ. Бұған аудандық физкультура және спорт комитеттерімен бірге, комсомол ұйымдары да кінәлі. Олар колхоздарда спорт коллективтерін ұйымдастыруда мардымды жұмыс істей алмай келеді.

Петропавл ауданының колхоздарындағы спорт коллективтерінің жұмысы да айтарлықтай емес. Аудандық физкультура және спорт комитетінің председателі А. Лотилин және Б.К.Ж.О аудандық комитетінің секретары Котыхов жолдасар төменгі спорт коллективтеріне қанағаттанғысыз басшылық жасауда. Ауданның комсомол, кәсіподақ ұйымдары колхоздардағы спорт коллективтерінің жұмысын жақсартып, село спортшыларының қатарын көбейте беруі тиіс.

«Колхозшы» ерікті спорт қоғамының, аудандық, облыстық Советінің басшылары колхоздардағы төменгі спорт коллективтерімен байланысты нығайтып, олардың жұмысына нақтылы басшылық жасаған уақытта ғана ауыл-село спорттың бұқаралық болуына жетісуіне болады.

Қазіргі міндет спорт коллективтерінің жұмысын жақсартып, оның бұқаралық болуына жетісуде болып отыр. «Колхозшы» спорт қоғамының ауыл-селодағы спорт коллективтері комсомол, кәсіподақ ұйымдарының және колхоз басқармаларының күнбе-күнгі көмегі мен басшылығына сүйеніп отырып, бұл міндетті аброймен орындап шығады. Сөйтіп, облыстық, республикалық спорт жарыстарында алдыңғы орындарды жеңіп алып, 1956 жылы Москвада өткізілетін Совет Одағы халық

жылғы ағылшын-совет договорын және 1944 жылғы француз-совет договорын жою туралы ССРО Жоғарғы Советі Президиумының қарауына ұсыныстар енгізуге ұйғарған ССРО Министрлер Советінің қарарын батыстағы демократияшыл жұртшылық та, байсалды ойлайтын барлық адамдар да толық түсініп, мақұлдап қарсы алды.

Герман милитаризмін қалпына келтіруге және Батыс Германияны ССРО-ға қарсы күресу үшін құрылған соғыс топтарына қатыстыруға бағытталған Париж келісімдеріне қол қойып, Англия мен Франция

ның тәжірибе көрсетіп отыр.

Делидегі конференция Азияның барлық елдері мен бүкіл дүние жүзінің елдерін әлеуметтік уклады әртүрлі елдердің бейбітшілікте қатар өмір сүру принциптерін шын ниетімен қолдауға және бұл принциптерді өздерінің қарым-қатынастарының негізі етуге шақырды. Бұл үндеудің маңызын сөзбен айтып жеткізу қиын, сондықтан да бұл үндеуге бүкіл азиялық континентте кеңінен үн қосылатындығы күмәнсіз.

Бейбітшілік пен халықаралық ынтымақты нығайту үшін Делидегі конференция қарарларының зор маңызы бар, бұл

елдердегі халықтардың әзір отырған талабының нығая түскенін көрсетеді. Кәзірдің өзінде 61 ел осы ассамблеяға делегаттар жіберуге келісті. Францияда, Польшада, Мексикада, Колумбияда және Бирмада ұлттық кездесулер өткізіліп, бұл кездесулерде ассамблеяға әзірлену мәселелері талқыланды.

Осының бәрі бейбітшілік жолында күресу идеясының аса көп адамдарды қамтығанын, бұл адамдардың өз ісінің оң екендігін кәміл түсіне отырып, империалистердің қылмысты арам ойларына қарсы күресуге әзір отырғандығын көз жеткізе айқын көрсетуге.

Я. МАЗОР.

Францияда бас советтің сайлауы

ПАРИЖ, 17. апрель. (СОТА). Бүгін, шамамен, Франция мен Алжирдің департаменттері (Сона департаментінен басқа) кантондарының жартысында, сонымен бірге теңіздің арғы жағындағы департаменттерде (Мартиника, Гвиана, Реюньон) (1666 кантонда). «кантондық сайлаулар» деп аталатынның алғашқы туры болды. Әрбір кантоннан бас (департаменттік) советтің құрамына бір кеңесші сайланады. Бас советтер 6 жылда бір рет сайланып, әрбір 3 жылдан кейін қақжартысы жаңартылып отырады. Бұл советтер жергілікті маңызы бар мәселелерді, жергілікті бюджеттерді және тағы басқаларын талқылайтын болады. Бас кеңесшілер республика Советіне сайлаушылар болып табылады, республика Советіне сайлау екі дөрежелі болып өтеді.

Бүгінгі сайлау мажоритарлы системада екі түр бойынша өткізіледі. Бұл система бойынша дауыс берудің алғашқы турында барлық дауыстың жартысынан көбін алған кандидат сайланған болып есептеледі. Егер әртүрлі партиялар ұсынып отырған кандидаттардың еш-

қайсысы да алғашқы турда осы қажетті болған көпшілік дауысты ала алмайтын болса, онда екінші турда тек қана салыстырмалы көпшілік дауыс қажет болады.

Дауыс берудің алғашқы туры сайлауға қатысып отырған партиялар мен ұйымдардың ықпалын ашып береді, мұның өзін олардың алған дауысының саны бойынша есептеуге болады. Алайда, кандидаттың бірінші турда дауыстың жартысынан көбін алуы өте сирек кездесетін жағдай. Сондықтан тәртіп бойынша дауыс берудің екінші туры өткізу қажет болады. Мұның өзі буржуазиялық партияларға бір-бірімен келісімге келіп, прогресшіл партиялардың кандидаттарына қарсы блок жасауына мүмкіндік береді. Сондықтан орынның бөлінуі, әдетте, саяси күштердің шын мәніндегі арасалмағын айқындай алмайды. Буржуазиялық партиялар совет құрамына өз кандидаттарының біреуін жиі өткізіп жібереді де, осының салдарынан прогресшіл кандидаттарды қолдап отырған сайлаушылардың дауысы күшін жояды.

Быйылғы сайлаудың саяси зор маңызы бар, өйткені ол үстіміздегі жылғы июнь айында болатын республика Советінің бастамасы болып табылады. Алдағы ұзықтас сайлаушылар болатын бас советтің мүшелері француз парламентінің екінші палатасы құрамына тікелей ықпал тигізе алады.

Саяси шолушылар мынаны атап көрсетуде: сонымен бірге өз департаменттерінде бас кеңесшілер болып табылатын 151-ге жуық парламент мүшелері өздерінің кандидаттығын советке тағы да ұсынып отыр. Барлық ірі саяси партиялар кантондарға кандидаттарын ұсынды. Де Голльдің «француз халқының бірлестігі» (РПФ) партиясы сайлауға қатыспайды.

Француз Коммунистік партиясы барлық кантондарда да кандидаттар ұсынып, Францияның ішкі саясатының кәзіргі бағытын өзгерту жөніндегі талапты кірістіретін еңбекші бұқараның мүдделерін қорғау туралы, бейбітшілік саясатын жүргізу ұлттық тәуелсіздікті, демократиялық бостандық пен әлеуметтік прогресті қорғау жөнінде программа ұсынды.

ның белсене жұмыс істеп отырғандығы жөнінде айтты. Ол халықты «көтеріліп, өз сөзін айтуда» шақырды.

Белгілі заң қызметкері Доннер мынаны атап көрсетті: ақы төлейтін тыңшылардың көп мыңдаған жүйесін құра отырып, реакция елде бостандықтың қандай түрін болмасын тұншықтыруға, либералдық, демократиялық ұйымдар мен кәсіподақтардың жұмысын басып-жаншуға тырысуда. Ақы төленетін хабар берушілерді үкметтік мекемелер мен жеке компаниялар мектептер мен лабораторияларда, заводтар мен кәсіподақтарында, үкметтік мекемелер мен әскери бөлімдерде, қоғамдық ұйымдарда отырғызып қойды.

Бір жерден екінші жерге бару бостандығы саласындағы шек қоюшылықты айыптаған секцияның мәжілісінде Принстон университетінің профессоры Уильсон мен Пенсильваниядағы Темпл университетінің профессоры Берк Бодд американдық өмір орындарының әрекеттерін сыға алды. Профессор Томас Эмерсон саяси көзқарасына байланысты деген сылтаумен АҚШ-тан басқа жаққа бару немесе Америкада болу правосына шек қоюшылықты айыптады.

Конференцияға қатысушыларға Поль Робсонның сөзі қатты әсер етті, ол бостандық пен азаматтық правоны жігерлі түрде қорғауға шақырды. Біздің праволарымыз бен бостандығымызды өздеріміз өмір сүргіздіруге әрекеттеніп отырғандардан қорғап қалу үшін, деді Робсон, біз батыл қыймыл жасауымыз қажет.

Айтысқа қатысушылар студенттік және жастар газеті редакторларының советтік делегациясы жайындағы мемлекеттік департаменттің әрекетін сыға алды, эмиграциялық өкімет орындары делегация мүшелерінен сауақтарының таңбаларын басуды талап еткен болатын.

ДАНИЯ ФОЛЬКЕТИНГІНДЕ ПАРИЖ КЕЛІСІМДЕРІН ТАЛҚЫЛАУ

КОПЕНГАГЕН, 15. апрель. (СОТА). Кеше Дания Фолькетингінде Париж келісімдерін бекіту туралы премьер-министрлің ұсынысын талқылау басталды.

Кеше барлық партиялардың парламент топтарының өкілдері сөз сөйледі. Баспасөздің хабарлауына қарағанда, социал-демократиялық партия, венстре партиясының және консервативтік партияның парламент топтары бекітуді жақтаған пікірлер айтуда. Коммунистер мен радикалдар оларға қарсы шығуда. Ал право одағында пікір екіге жарылған.

«Политикен» газеті Париж келісімдерін бекіту туралы мәселе жөніндегі ақырғы тұжырымды Фолькетинг 19 немесе 20 апрельде жасайды, деп есептейді.

да жинал. Өйткені басқармалар өздерінің спортшыларына спорт киімдері мен спорт жабдықтарын сатып алып, олардың спортпен айналысуына қажетті жағдай туғызбайды.

Жас шахматшының жеңісі

«Искра» ерікті спорт қоғамы шахматшыларының облыстық турнирі аяқталды. Жарыс бір айға жуық уақытқа созылды. Оған бірінші разрядшылар Ивановский, Брижак, Әуелбеков және екінші разрядшылар Омаров, Қарымсақов, Белозеров жолдастар қатысты.

Бірінші турдан бастап жарыстың ақырына дейін күрес өте шиеленіскен жағдайда өтті. Онбес жасар бірінші разрядшы В. Ивановскийдің зор жеңіске жеткендігін атап өту керек.

Жарыста ол бірінші турдан бастап үздік алға шықты және турнир аяқталғанға дейін өз жағдайын берік сақтады. Жарыстың нәтижесінде мүмкіндігі бар 12 ұпайдан 8,5 ұпай алып, «Искра» спорт қоғамы бойынша облыс чемпионы деген атақты жеңіп алды. В. Ивановскийдің бұл табысын былай түсіндіруге болады: шахматшы ретінде ол өздігінен көп еңбектене, теорияны, еліміздің аса ірі және көрнекті шахмат мастерлерінің практикасын зер сала үйренеді. Әрбір кездесуге мұқият әзірленіп, терең ойланып, табандылықпен ойнайды.

Алайда, В. Ивановскийдің ойынында кейбір кемшіліктердің де бар екенін атап көрсеткен жөн. Ол, әсіресе ойынның соңғы кезеңін шебер жүргізе білмейді. Мәселен, Фельдманмен ойнаған партиясында ол ойынның орта шенінде материалдық және позициялық басымдылыққа ие болып, өзіне қолайлы эндшпильге (ойынның соңғы кезеңіне) көшті. Бірақ онан әрі ол сенімсіз ойнады, жеңіске жеткізетін бірден-бір дұрыс жүрісті байқамай қалып, қарсы ойнаушының ойыны тепе-тең аяқтауына мүмкіндік берді.

тарының спортқа қатысуға право алуға жетісу үшін күш жұмсайды.

В. ФИСЕНКО,

«Нелхозшы» ерікті спорт қоғамы облыстық Советінің председатели.

Турнирге қатысқан басқа ойыншылардың жағдайы мынандай: бірінші разрядшылар Әуелбеков пен Брижак 8 ұпайдан алып, екінші және үшінші орындарды өзара бөлісті. «Искра» қоғамының өткен жылғы чемпионы Брижак бұл турнирде жеке партияларды өзіне тән өткір стильде жақсы ойнағанмен кейбір партиялары тым нашар болды.

Екінші разрядшылардың бұл жолғы ойындары көңілдегідей болмады. Төртінші және бесінші орындарды өзара бөліскен Омаров пен Қарымсақов небары 3,5 ұпайға, ал Белозеров бір-ақ ұпайға ие болды. Турнир кестесіндегі нәтижелерден көрініп отырғандай, бірінші разрядшылар екінші разрядшылардан 4,5 ұпайға озып кетті. Мұның өзі екінші разрядшылардың өздерінің спорттық мамандықтарын жетілдіруге көңіл бөлмейтіндіктерін, олардың спорттық өсуінде кейбір тоқыраудың бар екенін көрсетеді.

Турнирдің ұйымдастырылуы қанағаттанғысыз болғандығын атап көрсету керек. Турнирге небары 6-ақ адам қатысты. «Искра» спорт қоғамының облыстық советі турнир туралы ешбір қамқорлық жасамады.

Сайып келгенде, «Искра» ерікті спорт қоғамының облыстық Советі турнир ұйымдастыруға бұдан былай жауапкершілікпен қарап, шахматшылардың творчестволық өсуіне қамқорлық жасап отыруы керек.

Д. ӘБИЛОВ.

Редактордың орынбасары
Ғ. НҮРМОЛДИН.

ЛОНДОН БАСПАХАНАЛАРЫ ЖҰМЫСШЫЛАРЫНЫҢ ЕРЕУІЛІ

ЛОНДОН, 17. апрель. (СОТА). Лондон газеттері баспаханаларының 700 электршілері мен механиктерінің ереуілі 24 күнге созылуда, соның салдарынан 30-ға жуық орталық газет шықпай қалған. Газеттердің шықпауы таяу уақытта болатын парламент сайлауына байланысты буржуазиялық партиялар топтарына ерекше абыржушылық туғызуда. Бүгін, атап айтқанда, 15 апрельде еңбек министрі Монктонның туып отырған жағдайды премьер-министр Иденмен талқылағандығы дәлел бола алады.

Ереуіл көтеругі жұмысшылар мен газет иелері өкілдерінің еңбек министрлі-

гінде бірнеше сағатқа созылған келіссөздері ешқандай нәтижеге жеткізбеді. 15 апрельде кәсіп иелері 20 мыңнан астам әріп терушілерді, буып-түюшілерді және баспахананың басқа да жұмысшыларын жұмыстан шығарды, бұлар ереуілге тікелей қатысқан жоқ еді.

Ереуіл көтеругілер кеше көп адам қатысқан митингте ереуілді бірауыздан тоқтатпауға ұйғарды. Жұмысшылар өздерінің кәсіподақтары мен ереуіл комитеттерінің кәсіп иелерінің жалақыны арттыру жөніндегі талапты қанағаттандырудан бас тартқандықтары үшін күресті тоқтатпауға қаулы алған қыймы-

лын қуаттады. Митингте қабылданған қарарда газет иелерінің ұстап отырған позициясы айыпталып, былай делінген: 20 мыңнан астам жұмысшылардың жұмыстан шығарылғандығы жөніндегі жауапкершіліктің бәрі де газет иелерінің ассоциациясына жүктеледі.

«Дейли Уоркер» газеті полиграф өнеркәсібі жұмысшыларының ынтымақтастығы өсіп отырғандығын атап көрсетеді. «Баспахылар мен әртүрлі мамандықтағы жұмысшылардың кәсіподақтары федерациясына кіретін кәсіподақтар, — деп жазды газет, — ереуілшілерді батыл қолдап отыр, бұл айырықша мәнді оқыйға».

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия және насихат бөлімдері — 0-22, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, мәдениет-тұрмыс, хабар және тілшілер бөлімдері — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

УШ 00754.

Қазақ ССР Мәдениет министрлігі баспа және полиграфия өнеркәсібі Жоғарғы басқармасының № 18 баспаханасы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі 21-үй.